

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Геологиялық барлау колледжі



«Бекітемін»  
оқу ісі жөніндегі  
директордың орынбасары  
Минаева Н. Т.  
14.06 2016жыл

**«Экономика негіздері»  
пәні бойынша  
Базалық (тірек) конспектісі**

- 0701000 – «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау»  
0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлаудың техникасы мен технологиясы»  
0703000 – "Гидрогеология және инженерлік геология"  
0704000 – «Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері»  
1514000 – «Экология және жер қойнауын пайдалану салаларындағы табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

Дайындаған:

**Турысбекова Г.У.** \_\_\_\_\_

Әдеулемттік-экономикалық пәндердің ПЦК  
отырысында қаралды

Хаттама № 10 «06» 06 жыл 2016

ПЦК төрағасы

Сарсембин А.М.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттері 2015 жылы бекітілген оқу жұмыс жоспарына және 2016 жылы бекітілген оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес жасалды.

Оқу бөлімімен қолданысқа ұсынылды.

Пәнге бөлінген сағаттардың жалпы саны  
мамандықтарға арналған:

	0701000	0702000	0703000	0704000	1514000
I					
II					
III	32		32	32	
IV					39
V		32			
VI					
VII					

Міндетті бақылау  
жұмыстарының саны 1

Қорытынды бақылау: сынақ  
(сынақ, емтихан)

## *Мазмұны*

### Тақырыптық жоспар

#### Сабақ 1

#### 1 Бөлім. Экономикалық теория негіздері

Тақырып 1.1 Экономика және оның қоғамдағы ролі 5

#### Сабақ 2

Тақырып 1.2 Экономикалық теорияның пәні мен әдістері 6

#### Сабақ 3

Тақырып 1.3 Меншік және қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысы 8

#### Сабақ 4

Тақырып 1.4 Өндірісті ұйымдастырудың жалпы түрлері. 10

#### Сабақ 5

#### 2.Бөлім. Макроэкономика негіздері

Тақырып 2.1 Ақша және банктік жүйе 12

#### Сабақ 6

Тақырып 2.2 Нарық және оның қызмет ету заңдары 16

#### Сабақ 7

Тақырып 2.3 Бәсекелестік және монополия 21

#### Сабақ 8

Тақырып 2.4 Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мәні мен ұйымдастырылуы 23

#### Сабақ 9

Тақырып 2.5 Жеке капиталды қайта өндіру 28

#### Сабақ 10

Тақырып 2.6 Еңбекақы 30

#### Сабақ 11

Тақырып 2.7 Пайда, кірістер 31

#### Сабақ 12

#### 3 Бөлім. Макроэкономикаға кіріспе

Тақырып 3.1 Ұлттық шаруашылықтың циклдық дамуы 34

#### Сабақ 13

Тақырып 3.2 Ұлттық шаруашылықтың экономикалық өсімі. 36

#### Сабақ 14

Тақырып 3.3 Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу 38

#### Сабақ 15

#### 4 Бөлім Әлем экономикасының негіздері

Тақырып 4.1 Бүкіл әлем экономикасы және әлем нарығы Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық мәселелер 40

#### Сабақ 16

4.2 «Жасыл экономика» Міндетті бақылау жұмысы 42

### 3.1 Тақырыптық жоспар

Тақырып №	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сағаттар саны				
		0701 00	0702000	0703000	0704000	1514000
1	2	3	4	5		6
	<b>1 Бөлім. Экономикалық теория негіздері</b>					
1.1	Экономика және оның қоғамдағы ролі	2	2	2	2	2
1.2	Экономикалық теорияның пәні мен әдістері	2	2	2	2	2
1.3	Меншік және қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысы	2	2	2	2	2
1.4	Өндірісті ұйымдастырудың жалпы түрлері.	2	2	2		3
	<b>2.Бөлім. Макроэкономика негіздері</b>					
2.1	Ақша және банктік жүйе	2	2	2	2	2
2.2	Нарық және оның қызмет ету заңдары		2	2	2	2
2.3	Бәсеке естік және монополия	2	2	2	2	2
2.4	Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мәні мен ұйымдастырылуы	2	2	2	2	4
2.5	Жеке капиталды қайта өндіру	2	2	2	2	2
2.6	Еңбекақы	2	2	2	2	2
2.7	Пайда, кірістер	2	2	2	2	2
	<b>3 Бөлім. Макроэкономикаға кіріспе</b>					
3.1	Ұлттық шаруашылықтың циклдық дамуы	2	2	2	2	2
3.2	Ұлттық шаруашылықтың экономикалық өсімі.	2	2	2	2	2
3.3	Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу		2	2	2	2
	<b>4 Бөлім Әлем экономикасының негіздері</b>					
4.1	Бүкіл әлем экономикасы және әлем нарығы Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық мәселелер	2	2	2	2	4
4.2	«Жасыл экономика» Міндетті бақылау жұмысы	2	2	2	2	4
	<b>Барлығы:</b>	<b>32</b>	<b>32</b>	<b>32</b>	<b>32</b>	<b>39</b>

**1 Бөлім. Экономикалық теория негіздері**

**Тақырып 1.1: «Экономика және оның қоғамдағы рөлі».**

Жоспар.

1. Экономика ұғымы және оның мәні..
2. Экономикалық теорияның функциялары.
3. Экономикалық көрсеткіштер.

**§1. Экономика ұғымы және оның мәні** «Экономика» ұғымы ежелгі грек сөзінен («ойкос» - үй, үй шаруашылығы, «номос» - заң, заңдылық) аударғанда үй шаруашылығын жүргізу және басқару заңдылықтары дегенді білдіреді.

Қазіргі экономиканың негізгі элементтері болып мыналар табылады:

1. Адам, яғни ол экономиканың мақсаты мен құралы ретінде.
2. Шынайы табиғат – ресурстардың көзі және адамзаттың өмір сүру ортасы.
3. Жасанды табиғат – адамның қолымен жасалған барлық құрал-дар, яғни өндіріс құрал-жабдықтар, инфрақұрылым, тұтыну заттары, ақпарат, т.б.

Экономикалық теория – бұл адамдардың шексіз қажеттілікте-рін қоғамның шектеулі ресурстары арқылы қанағаттандыру үшін материалдық және материалдық емес игіліктерді өндіру, бөлу, айыр-бастау және тұтыну бойынша ғылым саласы.

Экономикалық теория – бұл шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану жолындағы адамдар арасындағы экономикалық қарым-қатынастар және олардан туындайтын экономикалық мәселелерді зерттейтін қоғамдық ғылым.

«Экономика» сөзі көне грек сөзінен шыққан: сөзбе-сөз, oikos – үй, шаруашылық; nomos – ереже, заң, жиынтығында – шаруашылықты жүргізу ережесі дегенді білдіреді. Берілген сөзді айналымға Ксенофонд енгізген болатын. Қазіргі уақытта экономика сөзі келесі мағыналарға ие:

**§3. Экономикалық теорияның функциялары** Кез-келген ғылым тәрізді, жалпы экономика бірқатар функцияларды атқарады: танымдық, теориялық-методологиялық, әлеуметтік, сындық, тәжірибелік, қолданбалы функциялар.

**Танымдық функция** – қоғамдық экономикалық үрдістер мен құбылыстарды зерттеп білуге, сондай-ақ оны түсіндіруге бағытталады.

**Теориялық –методологиялық.** Экономикалық теория – экономикалық ғылымдардың барлық жүйесі үшін негіз болып табылады. Егер жалпы экономикалық теория қоғамдық өндірісті, бөлуді, айырбас пен тұтынуды басқаратын заңдарды зерттейтін болса, қалған барлық экономикалық ғылымдар – бұл заңдардың нақтылы жағдайларда көрінуін зерттейді.

**Әлеуметтік функция,** жалпы экономикалық теорияның мемлекеттің жалпы экономикалық саясатын, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін, халықты әлеуметтік қорғаудың мәселелерін және басқа да әлеуметтік сауалдарды қарастыруынан тұрады

**Сындық функцияда** барлық құбылыстар сын тұрғысынан қаралады, экономикалық үрдістер мен құбылыстардың артықшылықтары, құндылығы мен кемшіліктері, оларды қолданудың мақсаттылығы анықталады.

**Тәжірибелік, қолданбалы функция** ғылыми негізде және мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын нәтижелі жүзеге асыруда шаруашылықты тиімді жүргізудің нақтылы принциптері мен тәсілдері бойынша алған білімдерін қолданудан тұрады.

**§4. Экономикалық көрсеткіштер**

Экономикалық көрсеткіштер бұрын, қазір және болашақта өтетін экономикалық объектілердің жағдайларын спаттайды. Кез-келген экономикалық көрсеткіш үш элементтен тұрады: көрсеткіш атауы, сандық мәні, өлшем бірлігі.

Экономикалық көрсеткіштердің көптүрлілігі олардың жіктелуін қарастырады:

- абсолюттық көрсеткіштер (көлемді, сандық);
- салыстырмалы көрсеткіштер (сапалық, меншікті);

- нормативтік көрсеткіштер – бұл жоғары тұрған ұйымдармен оектілген немесе техникалық құралдар паспорттарында көрсетілген көрсеткіштер;
- ғылыми-техникалық көрсеткіштер – НТП жетістіктерін енгізу дәрежесін көрсетеді;
- есептік-статистикалық көрсеткіштер, есептік кезеңде кәсіпорын жұмысымен байланысты.
- Орташа көрсеткіштер құбылыстардың әдеттегі деңгейін көрсетеді;
- макро- және микроэкономикалық көрсеткіштер;
- өсудің көрсеткіштері.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Экономикалық теория пәні нені зерттейді және экономикалық теорияның танымдық функциясының мәні?
2. Экономикалық көрсеткіштер дегеніміз не және олар не үшін қолданылады? Мысалдар келтіріңіздер.
3. Экономикалық теорияның функциялары және олардың мәні туралы айтып беріңіздер?

## **САБАҚ №2**

### Тақырып .1.2: «Экономикалық теорияның пәні мен әдістері»

#### Жоспар:

1. Экономикалық теорияның пәні мен әдістері
2. Меркантилизм және физиократизм.
3. Экономикалық теориядағы классикалық мектеп
4. Утопиялық социализм және коммунизм .

**§1** Экономикалық зерттеу пәні – бұл экономикалық субъектілер-дің нарықтағы өмір сүру ерекшеліктері мен тәртіптері.

Экономикалық теорияның зерттеу аясы – бұл адамдардың экономикалық әрекеттері жүзеге асырылатын экономикалық орта.

Экономикалық теорияның зерттеу объектісі – бұл экономи-калық құбылыстар мен экономикалық мәселелер, экономикалық қатынастар мен экономикалық үдерістер. Экономикалық теорияның зерттеу субъектісі – бұл адам, үй шаруашылығы, фирма, мемлекет.

Экономикалық теорияның пәні нені зерттейтіндігін түсіндірсе, оның зерттеу әдістері экономикалық құбылыстарды қалай зерттейтін-дігін түсіндіреді. Кез-келген басқа ғылымдар сияқты экономикалық теория қоршаған ортаны танып білудің және зерттеудің жалпы және ерекше әдістерін қолданады.

Экономикалық теорияның жалпы әдістеріне мыналар жатады:

1. Ғылыми абстракция – бұл зерттеліп отырған құбылыстар-дың ең маңызды жақтарына

және қасиеттеріне көңіл бөлу.

2. Анализ – бұл зерттеліп отырған объектіні жекелеген бөлік-терге бөліп талдап көрсету.

3. Синтез – бұл зерттеліп отырған объектінің жекелеген элементтерін біртұтас жүйеге біріктіріп көрсету.

4. Индукция – бұл жекелеген құбылыстар мен деректерден жалпы қорытынды шығару.

5. Дедукция – бұл жалпыдан жекеге қарай өту.

6. Эксперимент – бұл сараптама жүргізу.

7. Гипотеза – бұл алдағы уақытқа ғылыми болжам жасай алу. **маңызы өте зор.**

### **§2 Меркантилизм и физиократизм.**

«Меркантилизм» термині итальяндық «mercante» (саудагер, көпес) сөзінен шықты. Бұл ұғымға 16-17 ғғ Еуропада таралған Экономикалық көзқарастардың жүйесі біріктірілген. Қарапайым түсінікте меркантилизм, сыртқы сауда есебінен өсетін бағалы металлдар түріндегі қоғамның байлығы. Сыртқы сауда сол кездер үшін мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастардың аса кең таралған формасына айналды. Бір мемлекет басқаға өзінде молынан кездесетін тауарларын сатты және өзіне жетпейтіндерін сатып алып жатты. Ол кездері бағалы

металлдар ақша болып саналды, дәл солар арқылы тауар құны бағаланды. Сондықтан, сыртқы сауда нәтижесі, егер тауарды шығару (экспорт) оны енгізуге (импорт) қарағанда көп болса, жағымды болып бағаланады. Бұндай қалып белсенді сауда балансы деп аталды.

Бұдан басқа, меркантилизм алғаш рет мемлекеттің басқару қызметтерін, оның жоғарғы басшысын анықтады. Егер антикалық кезеңде жоғарғы басшы мүлікке, тіпті қол астындағылардың өміріне өктемдік жүргізетін әмірші, жаулап алушы ретінде қарастырылса, онда меркантилизм саясатына сәйкес «ұлттың әкесі» ұлттың бүгіндей баюына әкелетін экономикалық саясатты жүргізуге міндетті болды. Меркантилистер, мемлекеттік экономикалық саясат ретінде протекционизм болу керек деп санады, оның мәні мемлекет сыртқы нарықта отандық көпестікке барынша қолдау көрсетуді жүзеге асыру керек, ал шет елдік көпестерге қатысты ішкі нарықта әртүрлі шетеулерді орнатуы тиіс. Билеушінің даналығы белсенді сауда балансына қол жеткізу және мемлекетке алтын ағылуының ұлғаюы арқылы көріну керек болатын.

Алайда 18 ғасырдың өзінде меркантилизм экономикалық дамуды тежей бастады, өйткені сыртқы нарықта бәсекелес мемлекеттер арасында күрделі қақтығыстар пайда бола бастады, сондай-ақ ішкі нарыққа бағытталған өндіріс ақырындап құлдырады; ішкі қажеттіліктерге бағытталған ауыл шаруашылығы мен кәсібі төмендеді.

Физиократизм (табиғат билігі) меркантилизмнің кемшіліктеріне табиғи реакцияға айналды. Физиократизм, экономикалық саясат ретінде Францияда кеңінен дами бастады. Физиократтар байлық ретінде жер өнімдерін санады, олардың көзқарасы бойынша сауда, өнеркәсіп емес, ауыл шаруашылығы ғана қоғамның байлығы болады деп санады. Ұлттың байлығы, егер ауыл шаруашылығында өндірілетін өнім мен ол үшін жыл бойы қолданылған өнімдер (егін материалдары, малға арналған жем, жерді жалдаудың төлемдері және т.с.с.) арасында айырмашылық болған жағдайда ғана өседі. Бұл айырмашылық «таза өнім» атауына ие болды, ал жер өңдеушілердің табы өндіруші тап деп саналды.

Осы теорияның негізін салушылардың бірі Ф.Кенэ, жерді өңдеу ең тиімді, көрегенді және ықыласқа тұрарлық іс болып табылады деп сендірді. Физиократизмнің құрамды бөлігі мемлекеттің экономикаға араласпауы болып саналды. Дәлірек айтқанда, мемлекет табиғаттың «табиғи заңдарына» сәкес келетіндей заңдарды бекіту керек, яғни нан саудасына барлық шектеулер алынып тасталуы керек, мемлекеттік шығындар қысқартылуы тиіс, мемлекет пайдасына шешілетін ауыл шаруашылық табиғи олқылықтар ақшалай салықтармен алмастырылу керек. қарапайым шаруаларды мүлдем салықтардан босатып, олардың орнына ақсүйектерден бірыңғай жер салығын алу ұсынылды.

Алайда, физиократизм идеясын тәжірибеде қолдану сәтсіздікке ұшырады. Бірақ, осыған қарамастан, физиократизмнің теориялық үлесін бағаламауға болмайды. Физиократтардың ілімімен танысудың арқасында А.Смит экономикалық мәселелерге көңіл аударып, ағылшын экономикалық классикалық мектебін негіздеді.

### §.3 Экономикалық теориядағы классикалық мектеп

Классикалық мектеп 17 ғасырда дүниеге келді және 18 ғ. басы мен 19 ғасырда дамып өркендей түсті. Классикалық мектепте негізгі орынды «еңбек» категориясы насихаттаушы күш және еңбек құндылығының көрінісі «құн» алады. Осыдан құнның еңбек теориясы басталды. Негізінен, барлық экономикалық ғылым классикалық мектеп қойнауларында дүниеге келді.

Классикалық мектептің негізгі теориялық ережелері келесідей:

- ✓ ұлттың байлығы осы мемлекеттің халқымен жасалып, тұтынылатын өнімде;
- ✓ бір адамға санағанда өнім неғұрлым көп болған сайын, материалдық байлық деңгейі де соғұрлым жоғары;
- ✓ егер еңбек өнімділігі өсетін болса, өндірілетін өнімнің саны да өсетін болады;
- ✓ еңбек өнімділігі ең бөлінісінің дәрежесі мен капиталды жинау деңгейіне тәуелді болады;
- ✓ еңбек бөлінісінің дәрежесі неғұрлым жоғары болған сайын, нарық айналымы соғұлым қарқынды, ол сатып алушы мен сатушыға тиімді.
- ✓ тауар бағасы негізінде құн яғни тауарды өндіруге жұмсалған еңбек көлемі жатыр.

А.Смит (классикалық мектептің негізін салушы) мемлекеттің экономикалық өмірге араласпауын қолдаушылардың бірі болды, ол экономика өзін-өзі реттейтін жүйе болып табылады деп санады, яғни нарықтың «көрінбейтін қолы» нарық механизмін өзі реттейді деп санады.

#### **§4. Утопиялық социализм және коммунизм.**

Социалистік және коммунистік идеялар қоғамда 15 ғасырда дүниеге келді, алайда олардың дамуы үшін ең қолайлы кезең 18 ғ. аяғы – 19 ғ. басына қалыптасты, сол кездері капитализмнің бірен-сарандарда ғана капиталдың жинақталуы, жеке меншікті тереңдету, жұмысшылардың ауыр жағдайы тәртізді жағымсыз жақтары толығымен байқала бастады. Бұның барлығы капитализмнің сыналуына әкеп соқты. Утопист-социалистер оқулар ұйымдастырды, онда қоғам коллективизм, әділеттілік, ағайындық принциптерге негізделіп, буржуазиялық құрылым табалдырықтары болмауды көздеді.

Утопиялық социализмнің негізгі өкілдері – ағылшын гуманисті және жазушы – Т.Мор, итальяндық философ және саяси қызметкер - Т.Кампанелла болды. Утопиялық социализмнің биік шыңында А.Сен-Симон, Ш.Фурье және ағылшындық Р.Оуэн тұр. Олардың барлығы қоғамдық құрылымды өзгертудің және гармония немесе коммунизм деп атаған жаңа қоғамды жасау қажеттілігін айтты.

Бұл қоғамның негізгі белгілері:

- ✓ тапсыз қоғам;
- ✓ барлық азаматтар үшін міндетті еңбек;
- ✓ өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісінің үйлесімділігі;
- ✓ шаруашылықты ғылыми жоспарлау;
- ✓ ғылым мен өндірістің бірлігі;
- ✓ қоғамдық өнімді бөлу болды.

Утопиялық социализмнің ізбасарлары К.Маркс, Ф.Энгельс, В.Ленин болды. Бұл теория ғылыми социализм деп атала бастады. Жаңа теорияның негізгі көзқарастары «Коммунистік партияның манифесті» және «Капитал» еңбектерінде сипатталды.

Коммунистік қоғамның принциптері:

- ✓ жерге деген жеке меншікті жою және өндіріс құралдары;
  - ✓ бүкіл қоғамға жататын ұжымдық жеке меншік;
- барлығы үшін бірдей еңбектену міндеті.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Меркантилизмнің экономикалық ілімдерін талдаңыздар. Қазіргі экономика тұрғысынан бұл ілімнің артықшылықтарымен кемшіліктері.
2. Не себепті қазіргі экономикалық теорияның негізін классикалық мектеп қалады деп санайды?
3. Физиократтардың экономикалық ілімдерін талдаңыздар. Қазіргі экономика тұрғысынан артықшылықтарымен кемшіліктері.
4. Не себепті утопиялық социализм идеялары қоғамды ерекше қатты қызықтырды?

## **САБАҚ №3**

### **Тақырып 1.3 «Меншік және қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысы».**

Жоспар.

1. Экономикалық жүйе
2. Негізгі экономикалық субъектілер.
3. Жеке меншіктің экономикалық категория ретіндегі мәні.

#### **§1. Экономикалық жүйе**

Экономикалық жүйелер – бұл қоғамның экономикалық құрылымын, белгілі бір тұтастығын құрайтын, өзара байланысты экономикалық элементтердің жиынтығы, экономикалық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну бойынша қалыптасатын қатынастардың бірлігі.

Р.Макконнелл және С.Брю, барлық жоғарыда аталған белгілерді талдай отырып, экономикалық жүйелердің төрт моделін атап өтеді:

1) дәстүрлі жүйе. Бұл жүйеде адамдар арасындағы қатынас ғасырлар бойы қалыптасқан және тамырын тереңге жайған салт-дәстүрлер негізінде құрылады.



2) нарықтық жүйе. Онда басқарушы субъектілердің шешімі нарық пен баға жүйесі арқылы байланыстырылады. Таңдау еркіндігі экономиканың барлық субъектілеріне тән. Жеке қызығушылық пайда әкелуі мүмкін тауарлар мен қызметтерді өндіруге мүдделі өндірісшілер әрекетінің басты мотиві болып табылады.

3) командалық-әкімшілік жүйе, онда негізгі реттеуші рөл мемлекетке тиесілі болады. Қорларды бөлу және тауарларды өндірудің осы жүйесінде «жоғарыдан» жоғары тұрған мекемелермен жоспарланады.

4) аралас жүйе, онда шешімдерді жеке қабылдау және жеке кәсіпкерлік мемлекет тарапынан экономикалық бақылауға тәуелді.

## §2. Негізгі экономикалық субъектілер.

Негізгі экономикалық субъектілерге:

Үй шаруашылығы – бір шаңырақ астында тұратын және өзі өмір сүруі үшін игіліктерді тұтыну туралы шешім қабылдайтын жеке тұлғалар немесе тұлғалар тобы; бұл игіліктер үй шаруашылығының өзінде (табиғи шаруашылық) немесе нарықта қорларды сатудан алынуы мүмкін.

*Фирмалар* – тауарлар мен қызметтерді өндіру мақсатында сатып алатын, ресурстарды жеткізушілерді, өз тауарын сатушылар мен тұтынушыларды таңдау туралы шешім қабылдайтын экономикалық объектілер агенттер.

Мемлекет, қоғамдық игіліктерді өндірумен айналысатын мемлекеттік институттар мен мекемелерді қамтиды, экономикалық қызметті реттеуді жүзеге асырады, қоғамда жеке игіліктерді бөледі, инфрақұрылымды қалыптастырады және т.с.с. Мемлекеттің мақсаты қоғамдық игілікті жоғарылату болып табылады.

Шетелдіктер – үнемі өз мемлекетінен тыс орналасатын экономикалық субъектілер, сондай-ақ шетелдік мемлекеттік институттар. Шетел мемлекеттерінің отандық экономикаға өзара әрекеттестігі тауарларды, қызметтерді, қаржы мен ұлттық валютаны өзара айырбастау арқылы жүзеге асады.

## §3. Жеке меншіктің экономикалық категория ретіндегі мәні.

Меншік – бұл экономикалық жүйенің негізі. Меншік дегеніміз не?

Меншік – бұл иемдену деген анықтама меншіктің нақты анықтамалырының бірі болып келеді. Меншік ұғымы экономикалық және заңнамалық тұрғыдан ажыратылады. Экономикалық тұрғыдан, меншік бұл өндіріс құралдары мен нәтижелерін иемдену бойынша адамдардың арасындағы қатынастар.

Меншіктің заңнамалық тұрғысы – бұл адамның затқа, басқаша айтқанда, иемдену субъектісінің объектіге қатынасы.

Меншік мазмұнындағы бастысы иемдену болып табылатындықтан, меншік иемдену объектісінің, иемдену қатынастарының, иемдену субъектісінің болуын көздейді.

Иемдену объектісі иемденуге не жатады деген сұраққа жауап береді. Егер объект жоқ болса, иемденудің де қажеті жоқ. Объектілерге еңбек нәтижелері жатады, яғни қандай да бір игіліктер мен қызметтер, жылжымайтын мүлік, ақша, бағалы қағаздар, құнды заттар, өндіріс факторлары (еңбек, жер, капитал) жатады. Өндіріс факторларын иемденуге ерекше назар аударылады, өйткені өндіріс факторларына кім ие болса, сол өндіріс нәтижелерін де иемденеді.

Иемдену субъектісі – өзіне меншіктеп алатын тұлға.

Иемдену қатынасы берілген субъектінің басқа субъектілерден меншік объектісін толық адалауын көздейді. Толық иемдену мен толымсыз иемденуді ажыратады. Толымсыз, толықтай иемдену иелік ету, пайдалану және билік жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Иелік ету – бұл меншік иесінің өзі немесе оның өкілі меншік иесі тарапынан иемдену объектісін ерекше бақылау мүмкіндігін алатын, меншік қызметі.

Пайдалану – бұл пайдалы қасиеттеріне орай игіліктің шынайы қолданысы орын алатын, иелік етудің қызметі.

Билік жүргізу – бұл иемдену объектісінің қызмет етуі бойынша шешімдер қабылданатын, пайдаланудың қызметі.

Адамзат қоғамының тарихына меншіктің әртүрлі формалары белгілі. Олардың ішіндегі ең маңыздылары: жеке және мемлекеттік.

Жеке меншік – бұл кез келген мемлекеттік емес меншік. Жеке меншік жекелей және ұжымдық болады. Ұжымдық меншік келесі түрлерде (формаларда) болады – бұл кооперативті, акционерлік меншік, сонымен қатар аралас және бірлескен кәсіпорындар меншігі.

Еңбектік және еңбектік емес жеке меншік түрлерін ажыратады.

Еңбектік меншік – бұл өз еңбегін пайдалану. Еңбектік емес жеке меншік – бұл жалдамалы еңбекті қолдану.

Мемлекеттік меншік - иемдену объектісі кез-келген мемлекеттік меншік болып табылады.

Зияткерлік жеке меншік ерекше орынға ие – бұл иемдену объектісі ретінде ойлар, ақпараттар, білім және т.б. қолданылатын жеке меншік формасы.

Меншікті жүзеге асырудың экономикалық формалары болып кірістердің барлық түрлері табылады. Бұл пайда, пайыз, рента, еңбекақы. Жеке меншіктің өндірістік формаларына әртүрлі кәсіпорындардың, ұйымдар мен отбасының жеке меншігін жатқызуға болады.

Мемлекеттік жеке меншікті қалыптастырудың формалары негізінен – бұл жекешелендіру және мемлекетсіздендіру.

Мемлекетсіздендіру – бұл мемлекеттен кәсіпорындар деңгейіне шаруашылық басқару қызметтері мен сәйкес өкілеттіктерді беру, тік шаруашылық байланыстарды көлденеңге ауыстыру, мемлекетсіздендіру меншік иесінің ауысуынсыз да жүргізілуі мүмкін.

Жекешелендіру – заңды тұлғалар мен азаматтардың мемлекеттен мемлекеттік меншік объектілерін сатып алуы.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Қоғамның экономикалық өміріндегі негізгі экономикалық субъектілердің атқаратын қызметі? Мемлекеттің және бизнестің (фирмалардың), үй шаруашылығының рөлдерін мысалдар келтіріп, түсіндіріңіздер. Олардың арасындағы байланысты бақылаңыздар.

2. Меншік объектісі және субъектісіне анықтама беріңіздер және олардың арасындағы байланыс пен экономикалық мәнін мысалдар арқылы түсіндіріңіздер.

3. Меншіктенудің субъект-субъект қатынасы қай кезде пайда болады (иемдену, пайдалану, билік жүргізу)?

4. Меншіктену формасының қандай түрлерін білесіздер, олардың бір-бірінен айырмашылықтары? Әт-түрлі меншіктену формасына мысалдар келтіріңіздер?

### **САБАҚ №4**

#### **Тақырып 1.4 : «Өндірісті ұйымдастырудың жалпы түрлері».**

##### **Жоспар.**

1. Табиғи және тауарлы өндіріс.
2. Өндіріс қорлары мен факторлары.
3. Тауар және оның қасиеттері.

##### **§1. Табиғи және тауарлы өндіріс.**

Тарихта өндірісті ұйымдастырудың екі негізгі формалары белгілі: табиғи және тауарлы. Тарихи тұрғыдан қоғамдық шаруашылықтың алғашқы формасы натуралды шаруашылық немесе өндіріс болды.

**Өндіріс** – бұл қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, адамдардың мақсатқа сай әрекеті. Бұл үрдісте өндірістің негізгі факторлары әрекеттседі – еңбек, капитал, жер, кәсіпкерлік.

Адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, материалдық және материалдық емес игіліктерді жасау өндірістің нәтижесі болып табылады.

Табиғи шаруашылық деп осы шаруашылықтың ішінде өнімдер жеке тұтыну үшін өндірілетін, қоғамдық шаруашылықтың формасы танылады (мысалы, алғашқы қауым).

Табиғи шаруашылықтың негізгі қырлары:

1. тұйықтылық;
2. табиғи шаруашылық әмбебап, қол еңбегіне негізделген, онда еңбектің қоғамдық бөлінісі мүлдем жоқ немесе өте әлсіз;
3. табиғи шаруашылыққа тура экономикалық байланыстар тән: өндіріс → тұтыну.

Қоғамның тарихи дамуы барысында біртіндеп натуралды шаруашылық тауарлы шаруашылықпен алмастырылды.

Тауарлы шаруашылық – бұл өнімдер нарықта сатуға өндірілетін, шаруашылық формасы. Тауарлы шаруашылық сипатталады:

- 1) ашықтықпен;
- 2) ол еңбектің қоғамдық бөлінісіне негізделген;
- 3) тауарлы шаруашылыққа жанама экономикалық байланыстар тән: өндіріс → нарық → тұтыну.

Натуралды шаруашылықтың тауарлы шаруашылыққа өтуіне қандай себептер негіз болды? Бұд - еңбектің қоғамдық бөлінісі және тауар өндірушілердің бір-бірінен экономикалық жекеленуі.

Тауарлы өндіріс деп қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тауарларды нарықта сатып алу – сату қажет болатынай, өнімді жеке өндірушілер өндіретін, қоғамдық шаруашылықтың формасы танылады.

Тауарлы өндіріс дамуында екі сатыдан өтті: бірінші саты – бұл қарапайым тауарлы (өндіріс) шаруашылық, оның орнына екінші саты – дамыған тауарлы шаруашылық немесе капиталистік тауарлы шаруашылық келді.

Тауарлы өндірістің негізгі құралдары тауар, игіліктер мен ақша болып табылады.

## §2. Өндіріс қорлары мен факторлары.

Экономика «өндіріс» ұғымынан шығады, ол экономиканың материалдық негізін құрайды. Кез-келген өндірістің көздері – бұл ресурстар.

Өндіріс ресурстары – тауарларды, қызметтер мен басқа да құндылықтарды жасау үрдісі кезінде қолданылуы мүмкін табиғи, әлеуметтік және рухани күштердің жиынтығы.

Экономикалық әдебиеттерде қорлар төрт топқа бөлінеді:

1. табиғи – өндірісте қолдануға жарамды табиғи күштер мен заттар, олар «сарқылатын» және «сарқылмайтын» болып бөлінеді.
2. материалдық – өздері өндірістің нәтижесі болып табылатын барлығы адаммен (қолдан) жасалған өндіріс құралдары.
3. еңбек – халық еңбекке жарамды жаста;
4. қаржы – қоғамның өндірісті ұйымдастыруға жағдайы келетін ақшалай қаржы.

Осылайша, қорлар – бұл өндіріске тартылуы мүмкін табиғи және әлеуметтік күштер. Өндіріс факторлары – өндіріс үрдісіне шынымен тартылған ресурстарды білдіретін экономикалық категория.

Өндіріс – бұл оның факторларының өзара әрекет ететін бірлігі.

Экономикалық теорияда өндіріс факторларының негізгі үш тобын ерекшелейді:

1. жер – өндіріс факторы ретінде үш мағынаға ие:
  - кең мағынада ол өндірістік үрдісте қолданылатын барлық табиғи ресурстарды білдіреді;
  - сала қатарында (аграрлық, өндірістік, балық) «жер» шаруашылықты жүргізудің объектісі болып табылады, бұнда ол бір уақытта еңбек «заты» да, еңбек «құралы» да болады.
  - барлық экономика шегінде «жер» жеке меншік объектісі ретінде қолданыла алады.
2. капитал – өндіріс факторларының жүйесінде материалдық және қаржылай ресурстарды атайды.
3. еңбек - бұл өндіріс үрдісінде тікелей жұмылдырылған қоғамның бөлігі.

## §3. Игілік және олардың жіктелуі

Игілік – бұл әртүрлі адамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы. А.Маршалл игілікті «адамның қажеттілігін қанағаттандыратын, ықыласты зат» ретінде анықтады. Ж.Б.Сэй игіліктерді «қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін біздегі бар құралдар» ретінде қарастырды.

Қажеттіліктердің жіктелуі сияқты, игіліктердің жіктелуі көп түрлілігімен ерекшеленеді. Жіктеудің түрлі критерийлері тұрғысынан олардың маңыздылығын атап өтейік.

Игіліктер келесідей болып жіктеледі:

1. Экономикалық игілік – бұл біздің қажеттіліктерімізге қатысты шектеулі көлемде болатын игілік.
2. Тұтыну игіліктері – бұл, әртүрлі адамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған игілік. Өндірістік игіліктер – бұл өндіріс үрдісіне қатысатын игіліктер.
3. Қоғамдық игіліктер – бұның басты сипаттамасы – бәсекелестік және тұтынудан шықпаушылық болып табылады. Аталған қасиеттерге мүлдем сәйкес келмейтін игіліктер «жеке» деп аталады және нарықтық экономикада жүзеге асады. Жеке игіліктерге ие болу үшін оған төлеу керек.
4. Материалдық игіліктер заттық негізгі ие. Материалдық емес игіліктер көп жағдайда білімді білдіреді де рухани негізге ие болады.

#### **§4. Тауар және оның қасиеттері.**

Тауар – нарықта айырбастауға немесе сатуға арналған экономикалық игілік. Кез келген тауар екі қасиетке ие:

1) тұтыну құны – бұл адамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті.

2) құн (айырбас құн) – бұл тауардың жасырын қасиеті. Құнды көру үшін, айырбас құнын пайдалану қажет.

Тауардың өзіндік құнына байланысты бір-бірінен өзгешеленетін екі көзқарас бар. Құнның еңбек теориясының өкілдері А.Смитпен, Д.Рикардомен және К.Маркспен айтылады. Олардың пікірінше, еңбек шығындары құнның негізін құрайды, немесе құн еңбек шығындарымен өлшенеді, немесе жай ғана еңбек. Сонымен қатар еңбектің жеке шығындарын және қоғамдық-қажетті шығындарын ажыратады. Біріншімен қатар, пайдалылық теориясы пайда болды (шекті пайдалылық теориясы). Оның өкілдері Беем-Боверк, Менгер болды. Оның мәні: тауарды онда еңбек шығындары кеткендіктен сатып алмайды, керісінше берілген тауар пайдалы және құнды болғандықтан алады.

XIX ғ соңында, Маршал негізін қалаған жаңа классикалық мектеп негізінде бұл екі концепция біріктірілді.

Осылайша, тауар екі қасиеттермен анықталады: тұтынушылық құн және ақшалай құн.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Натуралды өндіріс және таурлы өндіріс арасында салыстырулар жасаңыздар және қазіргі экономиканың дамуына тауарлы экономика негіз болып табылатынын дәлелдеңіздер.
2. Өндіріс ресурстарына анықтама беріңіздер. Мемлекеттің экономикасының өсуін қамтамасыз ету үшін өндіріс ресурстары қандай болу керек?
3. Экономикалық теорияда игілік дегеніміз не? Игіліктердің қандай түрлерін білесіздер? Олардың ерекшеліктерін атаңыздар және мысал келтіріңіздер.
4. Өндіріс факторлары мен өндіріс ресурстары арасындағы айырмашылықтарды атаңыздар? Қандай өндіріс факторларын білесіздер? Геологиялық кәсіпорындағы өндіріс факторларына мысал кетіріңіздер

## **2.Бөлім. Макроэкономика негіздері**

### **САБАҚ №5**

#### **Тақырып 2.1: «Ақша және банктік жүйе»**

#### **Жоспар.**

1. Ақшаның пайда болу тарихы.
2. Ақшаның мәні және қызметі.

#### **§1. Ақшаның пайда болу тарихы.**

Ақшаның пайда болуын б.з.д. VII – VIII мыңжылдықтарға жатқызады. Ол кезде алғашқы тайпаларда басқа қажетті азық-түлікке айырбастауға болатын, қандай да бір азық-түліктердің артықтары пайда болды. Айырбастың қатынастары кездейсоқ жағдайларға орай белгіленді.

Айырбастың кеңеюіне қарай, әсіресе қоғамдық еңбек бөлінісінің пайда болуымен, өнім өндірушілердің арасында айырбас операцияларында қиындықтар өрши бастады. Бартер қолайсыз бола бастайды.

Түрлі уақытта әртүрлі халықтарда түрліше баламалар болды. Осылайша, малшы тайпалардың бөлінуімен алғашқы ірі қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде айырбас құралы мал болды.

Солтүстіктің халықтары айырбас үшін алғашқы тауар ретінде көрікті қолданды (Моңғолия, Тибет және Памир ауданы). Жылы теңіздердің жағалауларын мекендеген тайпалар айналым құралы ретінде қабыршақты ақшаларды пайдаланды (Ежелгі Үндістан, Қытай, Үндіқытай, Африканың шығыс жағалауы, Цейлон, Филиппин аралдары).

Юлий Цезарь заманында ақша ретінде құралдарды пайдаланды.

Тауарлы өндірістің өсуімен жиі айырбасталатын тауар барлық басқа тауарлардың бір-біріне өзара айырбасының құралына айналады. Біртіндеп жалпы құн баламасы бір тауармен монополияланады, ол ақшаға айналады. Құнның жалпыға ортақ формасы ақшалық формаға айналады. Қоғамдық байлықтың өсуіне қарай жалпы баламаның ролі бағалы металдармен (күміс, алтын) бекітіледі. Олар ақшалай материал ролін адамзат тарихының ұзақ кезеңі бойында орындап келді.

Тауарлы айырбас эволюциясының үрдісінде ерекше, абсолютті өтімді тауар ажырады. Ол құнның жалпы баламасы – ақша ретінде қолданылды. Бұл тауар металл ақшаның алғашқы формасы – алтын және күміс болды.

Банктік билеттер түріндегі ақша 1716 жылы Францияда шотландық Джон Ло жобасы бойынша шығарылды. Ол кейіннен Францияның қаржы министрі болды. Бұл қағаз ассигнацияларының жаппай шығарылуы мен қолданылуына түрткі болды.

Осылайша, ақшаның даму тарихының негізгі кезеңдерін ажыратуға болады:

- 1) ақшаның қызметін кездейсоқ тауарлардың орындауымен ақшаның пайда болуы;
- 2) жалпыға ортақ балама (ең ұзақ) ретінде алтынды бекіту;
- 3) қағаз немесе несие ақшаға көшу;
- 4) қолма-қол ақшаның айналымнан біртіндеп ығыстырылуы, соның салдарынан

төлемдердің электронды түрлерінің пайда болуы. Ақшаның мәні және қызметі.

Ақша – бұл абсолютті өтімділік қасиетіне ие нарықтық құрал.

Өтімділік – бұл жүзеге асу, бір нәрсеге айеналу.

Ақша – бұл жалпы ортақ эквивалент.

Ақша – бұл жалпы ортақ эквивалент қасиеттеріне ие тауар.

Жалпы ортақ эквивалент – бұл барлығы айырбасқа алатын тауар.

Ақша – жалпымен танылған айналым құралы.

Ақшаның мәні үш қасиеттердің бірлігінен көрінеді:

- жалпы тікелей айырбасталушылық;
- айырбас құнының кристалдануы;
- жалпы жұмыс уақытының заттануы.

Ақшаның мәні оның орындайтын қызметтері арқылы көрінеді. Сонымен қатар бұл қызметтер адамның қатысымен ғана орындауы мүмкін. ақшаның қызметтеріне деген мұндай көзқарас ақша қоғамдағы экономикалық қатынастардың құралы болып табылады дегенді білдіреді.

Ақшаның қызметтері

1) Құн өлшемі. Жалпы балама ретінде ақша барлық тауарлардың құнын өлшейді. Тауар құнының көрініс формасы бағасы болып табылады. Алайда тауардың құны айырбас қатынастарын ақша көмегімен сандық бағалау мүмкіндігін айналдырады.

2) Айналым құралы.

Тауарлық айналым екі өзгерістен тұрады; яғни құн формасының екі өзгерісінен: бір тауарды сату мен басқасын сатып алу. Бұл үрдісте екі тауардың арасындағы делдал ролін ақша атқарады: тауар – ақша – тауар.

Бұл жағдайда ақша сатып алушылар мен сатушылардың қолында көп тұрмайды және және өткінші айналым құралы функциясын атқара отырып, қолдан-қолға өтеді.

Төлем құралы.

Бұл функцияны ақша, тауар мен қызмет бірден емес, біршама уақыт өткеннен кейін төленетін кезде үнемі атқарады. Берілген функция несие қатынастарының дамуы нәтижесінде пайда болды. Бұл жағдайда ақша тауарларды несиеге сатуда және жұмысшылар мен қызметкерлерге еңбекақы төлегенде қолданылады.

1. Жинақтау қаражаты

Берілген функцияны алтын ақша, алтын кесектер, алтыннан жасалған бұйымдар, яғни барлық түрдегі ақшалай материалдар орындайды. Қазіргі жағдайларда қазыналар банктерде жинақталады, олар несиенің көмегімен оларға тиімді қолданыс табады.

2. Дүниежүзілік ақша. Мемлекеттер арасындағы есептесулер дүниежүзілік төлем айналысында басым қалыпқа ие ұлттық валютада жүзеге асады. Бұның өзінде басты шарт: басқарушы валюталық бірлік алтынның белгілі бір көлемін білдіру керек. Дүниежүзілік ақша мен есептесудің әртүрлі құралдарын білдіретін валюта алтынға еркін айналуы керек. Бұндай айналым тоқтаған кезде, төлем айналысының дағдарысы басталады.

Дүниежүзілік ақша үш түрлі мағынаға ие және келесідей қызмет атқарады: жалпы ортақ төлем құралы; жалпы ортақ сатып алу құралы; қоғамдық байлықты материалдау құралы, бұл ретте ақша контрибуцияны, репарацияны алу кезінде және қарыз беру кезінде ұлттық байлықты бір елден екінші елге тасымалдаудың құралы болып табылады;

**§2.** . Ақша, несие, банктер — қазіргі өркениеттіліктің өзінен ажырағысыз белгілері. Олардың қызметтері қоғамдық өнімді өндіруді, бөлуді, айырбастауды және тұтынуды бір-бірінен бөлінбейтін үздіксіз процеске айналдырады. Оларды пайдаланбай ешбір шаруашылық субъектісінің ісі тынбайды, ал кез-келген адам үнемі немесе анда-санда банк қызметін пайдаланады. Банктер уақытша қолданылмаған ақша қаражатан жинақтап, оларды салалар мен аймақтар, кәсіпорындар мен халықтар арасында қайта бөлуден қатар, экономиканы қосымша капиталмен қамтамасыз етіп, сайып келгенде қоғамдық байлықты көбейтуге негіз қалайды. **Банк туралы түсінік, оның түрлері, қызметтері**

Несие жүйесінің негізгі буынын — банктер. Себебі масштабы және маңызы жөнінен несие қатынастарының басым көпшілігі банктер арқылы өтеді. Банктер мемлекет пен кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серістіктердің, мектеп пен ауруханалардың және халықтың уақытша бос ақшаларын шоғырландырып, оларды іс-жүзіндегі капиталға айналдырады. Сонымен қатар, банк төлем, есептеу, несие беру, сақтандыру және т.б. көптеген сан алуан операцияларды жүргізеді. Банк деген ұғым не, ол қалай пайда болды деген сұраққа жауап іздестірейік. «Банк» деген ұғымы италиян сөзі «bank» — орындық, «айырбас орындығы — айырбас орны» дегенді білдіреді.

**Банктің атқаратын қызметерін негізінен төмендегідей топтастыруға болады:**

- Уақытша бос ақша қаражаттарын тарту, жинақтау және оны қарыз капиталына айналдыру;
- Кәсіпорынға, мемлекетке, жеке адамдарға несие беру, бағалы қағаздармен операция жүргізу;
- Ақша айналымын реттеу. Банк — әртүрлі шаруашылық субъектілердің төлемайналымы жүретін орталық. Банк өзінің есеп айырысу жүйесі арқылы клиенттеріне айырбас, капитал және ақша айналымын жүргізуге мүмкіндік туғызады;
- Айналымға несие құралдарын шығару. Банк клиентін тек жинаған уақытша бос ақша қаражатымен несиелеп қана қоймай, сонымен қатар депозиттік чектерді, вексельдерді шығарумен де несиелейді;
- Экономикалық және қаржылық кеңес беру.

Орындайтын айырықша қызметтеріне байланыты банктер эмиссиялық және эмиссиялық емес болып екіге бөлінеді.

**Эмиссиялық банк** — ол айналысқа ақша белгілерін эмиссиялауға (шығаруға) құқығы бар, әдетте, орталық банк. Мемлекеттің Орталық банкінің негізгі мақсаты — айналысқа ақша бірлігін шығару, банктерге ерекше тауар — ақша белгіін сату және банк жүйесінің несие-есеп, эмиссиялық жұмысын басқару. Ол — елдің екі деңгейлі банк жүйесінің — жоғары деңгейіндегі банк.

Мемлекеттегі басқа банктердің барлығының да ақша бірліктерін шығаруға құқы жоқ эмиссиялық емес банктер. Олар коммерциялық, инвестициялық, инновациялық, ипотекалық және т.с.с. банктер. Коммерциялық банктер клиенттерге көрсететін қызмет түрлерін үнемі ұлғайтып тұратын әмбебап үлгідегі банк. Ал басқа банктер бір-екі қызмет түріне маманданған банктер.

Инвестициялық және инновациялық банктердің екі түрі де ұзақ уақытқа ақша қаражатын шоғырландырумен маманданады, яғни олар облигация, акция және басқа бағалы қағаздар шығару арқылы ақша тартып, кейін ұзақ мерзімге қарызға береді. Инвестициялық банктер кәсіпкерлерге қарыз берсе, ал инновациялық банктер технологиялық жаңалықтарды өңдеуді және оны игеруге несиелейді.

**Ипотекалық банктер** — жерді және жылжымайтын мүліктерді кепілдікке алып, ұзақ мерзімге

несие береді. Олар ипотекалық облигация, акция және басқа бағалы қағаздарды сату арқылы ақша жинақтайды.

Қазақстан республикасының қазіргі банк жүйесінің құрылуы 1990 жылы желтоқсанында ҚазКСР-ның Жоғары Кеңесі қабылдаған «Банктер және банк қызметі туралы» Заңынан бастау алады. Заңға сәкес республикада екі деңгейлі банк жүйесі құрылды жоғары (бірінші) деңгейдегі банк — ҚазКСР-ның Мемлекеттік банкі және төменгі (екінші) деңгейдегі банк — коммерциялық банктер жүйесі.

Мемлекеттің несие жүйесінде коммерциялық банктердің алатын орны өте зор. Олардың міндеті ақша айналымы мен капитал айналымының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету, өнеркәсіп мекемелерін, мемлекет пен халықты несиелеу, халық шаруашылығына қор жинау үшін жағдай жасау болып табылады.

#### **Коммерциялық банктердің негізгі атқаратын қызметтері:**

- Ақша қаражаттарын шоғырландыру және тарту;
- Несие беру;
- Шаруашылықтармен есеп және төлем жұмыстарын жүргізу;
- Төлем құралдарын шығару;
- Бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды ұйымдастыру;
- Сенімхат бойынша клиенттердің мүлкін басқару (яғни траст операциясын жүргізу);
- Клиенттерге кеңес беру.

Банктердің экономикадағы маңызын олардың олардың атқаратын операциялары анықтайды.

Коммерциялық банктердің операциялары негізінен мына топтарға бөлінеді: пассив (қаражат тарту); актив (қаражатты орналастыру); комиссиялық-делдалдық (клиенттің тапсырысы бойынша комиссиялық ақылы) және сенімді операциялар.

Соңғы кездері коммерциялық банктермен басқа несие мекемелерінің арасындағы бәсеке күшейе түсуде. Бәсеке банктердің жаңа қызмет түрлерін іздестіруге, клиенттерге ұсынатын қызмет түрлерін өсіруге және қызмет көрсету сапасын жақсартуға ынталандырады. Сондықтан қызмет нарығындағы өз орнын нығайту үшін олар банктерге тән емес операцияларды батыл меңгеріп, қаржылық кәсіпкерлікте кең қолдануда. Сайып келгенде банктердің экономикадағы ролі артуда.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

Қазақстан Республикасының Орталық банкі еліміз тәуелсіздік алған соң КСРО Мембанктің Республикалық Кеңесінің негізінде 1990 жылдың желтоқсанында алғашқыда Қазақстанның мемлекеттік банкі ретінде құрылып, ал 1995 жылдың наурызынан Қазақстан Ұлттық банкі деп аталады. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Орталық банкі болып табылады, Қазақстан Республикасының банк жүйесінің жоғары деңгейін білдіреді және өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заң күші бар Жарлығы бойынша жүргізеді және осы жарлыққа сай Президентке есеп береді. Сонымен қатар Ұлттық банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа заңдарды, халықаралық шарттар мен келісімдерді басшылыққа алады.

Қазақстан Ұлттық банкі басқа елдердің Орталық банктерімен және тағы басқа банктермен қарым-қатынаста, халықаралық банктер мен басқа да қаржы-несие ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді. Ұлттық банк пен оның бөлімшелері салықтың, алымның және баждың, соның ішінде кеден бажының барлық түрлерін төлеуден босатылады.

Қазақстан Ұлттық банкі заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы болады және өз қарамағындағы бөлімшелермен бірге біртұтас құрылым құрайды.

Ол республиканың кез-келген жерінде және одан тыс жерлерде өзінің басқармасын және басқа да бөлімшелерін ашуға құқығы бар. Өз жұмысын үкіметпен келісіп, үнемі кеңесіп жүргізеді.

Қазақстанның Ұлттық банкінің негізгі міндеті Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ішкі және сыртқы тұрлаулылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Ұлттық банкіне сонымен қатар:

- Қазақстанның экономикалық мен оның дүниежүзілік экономикаға кірігуіне қол жеткізу мақсатында ықпал ететін ақша айналысы, несие, банктік есеп айырысуды ұйымдастыру және валюталық қатынастар саласында мемлекет санатын әзірлеу мен жүргізу;

- Ақша, несие және банк жүйесінің тұрақты болуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- Кредиторлар мен банк салымшылардың, сондай-ақ банктер мен басқа ұйымдардың қызметін реттейтін актілерді қабылдау және олардың орындалуын бақылау жолымен шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар, клиенттердің мүддесін қорғау жүктеледі.

Қазақстан Ұлттық банкі айналыстағы ақша көлемінің мөлшерін реттеу жолымен мемлекеттік ақша-несие саясатын жүргізеді, банкноттармен тиындардың бірден бір элементі болып табылады. Республика аумағында банктер, еншілес банктер ашуға рұқсат береді. Банктердің, сондай-ақ шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін қадағалайды және оларға пруденциалдық нормативтерді белгілейді. Ресми ставкаларды өзгерту жолымен банктердің проценттік ставкалары деңгейін реттеуді жүзеге асырады.

Валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыруға және валюталық операциялардың барлық түрлерін жүргізуге құқылы.

Қазақстан Ұлттық банкінің басқару органдары басқарма мен директорлар кеңесі (Директорат) болып табылады.

Ұлттық банкінің басқармасы мен төрағасы Қазақстан Ұлттық банкінің қызметі үшін жауап береді.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Тауар-ақша қатынастарының даму тарихына қысқаша шолу жасаңыздар. Ақшаның пайда болуы туралы айтып беріңіздер.
2. Ақшаның атқаратын негізгі қызметтерін (күн өлшемі, айналым құралы, төлем құралы) айтыңыздар. Осы ақшаның қызметтеріне мысалдар келтіріңіздер.
3. Банк дегеніміз не? Несиелік қатынас қандай принциптерге негізделеді?
4. Несиенің негізгі формаларына мінездеме беріңіздер? (тұтынушылық, коммерциялық) Әр қайсысы қандай мақсаттарға беріледі?

## **САБАҚ №6**

### **Тақырып 2.2: «Нарық және оның қызмет ету заңдары».**

#### **Жоспар.**

1. Нарық ұғымы. Нарықтың жіктелуі.
2. Сұраныс. Сұраныс заңдары.
3. Ұсыныс. Ұсыныс заңдары.
4. Нарықтық тепе-теңдік.

#### **§1. Нарық ұғымы. Нарықтың жіктелуі.**

*Нарық* – бұл сатып алушы мен сатушы арасындағы қарым-қатынастардың күрделі жүйесі. Ол ұзақ тарихи даму кезеңдерінен бастап қалыптасты. Нарықтың даму жағдайларына:

- көне замандарда пайда болған еңбектің қоғамдық бөлінісін;
- өндірушілердің экономикалық жекеленуін;
- өндірушінің дербестігі мен кәсіпкерліктің еркіндігін жатқызады.

Нарық көптеген әртүрлі қызметтерді орындайды: делдалдық, есептік (баға түзушілік), реттеуші, бөлу және т.б. Нарық қарым-қатынастардың дамыған жүйесі ретінде өзара байланысқан және өзара әрекеттесетін нарықтың жиынтығын білдіреді.

Құрылымы бойынша нарықты келесі белгілері бойынша бөлуге болады:

#### 1) *объектілердің экономикалық қызметі бойынша:*

- игілік пен қызметтердің нарығы;
- өндіріс құралдарының нарығы;
- құнды қағаздар нарығы;
- жұмыс күшінің нарығы;
- валюта нарығы және т.б.;

#### 2) *қамту көлемі бойынша:*

- жергілікті;
- ұлттық;
- халықаралық;



3)

нарық қатынастары субъектілерінің түрлері бойынша:

- тұтыну нарығы;
- өндірістік қызметтегі тауарлар нарығы;
- мемлекеттік мекемелер нарығы;
- көтерме сауда нарығы.

4) тауарлық массаны қамту бойынша:

- тапшы нарық;
- тепе-тең нарық;
- профициттік нарық;

5) заңға сәйкестігі бойынша:

- заңды нарық;
- заңсыз нарық;

б) нарық қатынастарының кемелдену дәрежесі бойынша:

- дамыған нарық;
- қалыптасып келе жатқан нарық.

Нарықтың негізгі ұғымдары: сұраныс, ұсыныс, баға болып табылады. Олардың ұғымы тауар бағасының түзілу механизмін және нарық шаруашылығының бүтіндей қызмет етуін түсінуге көмектеседі.

Нарықтар өзінің инфрақұрылымын қалыптастырады – бұл тауарлар мен қызметтердің, капиталдар мен жұмыс күшінің қозғалысына қызмет көрсететін және қамтамасыз ететін институттардың жиынтығы. Оларға: коммерциялық банктер мен басқа да қаржылық мекемелерді; тауар және қор биржаларын; ақпараттық-сауда орталықтарын; үстемелік-делделдық фирмаларды; сақтандыру компаниялары, аудиторлық фирмаларды, аукциондарды, жәрменкелерді, маркетинг орталықтарын, менеджерлерді, брокерлерді дайындау және басқа да қызметтерді жатқызуға болады.

## §2. Сұраныс. Сұраныс заңы.

Қандай да бір тауарға сұраныс тауардың сол немесе басқа санын сатып алуға деген біздің ықыласымызды сипаттайды. Сұранысты сұраныс көлемі мен сұраныстың өзгеруімен көрсетеді.

Сұраныс көлемі ( $Q_d$ ) - бұл белгілі бір уақыт ішінде берілген баға бойынша сұраныс болатын тауардың сол көлемі. Сұраныс көлеміне көптеген факторлар әсер етеді, нақты айтқанда: берілген тауардың құны, сатып алушылардың талғамы, тұтынушылардың кірісі, басқа тауарлардың бағасы, инфляциялық көріністер және т.б.

Сұраныс көлемінің оны анықтайтын факторларға тәуелділігін сұраныс функциясы деп атайды. Жалпы түрле ол төмендегідей берілуі мүмкін:

$$Q_d = f(P, I, Z, W, P_{sub}, P_{com}),$$

мұндағы,

$P$  - берілген тауардың бағасы;

$I$  - пайда,

$Z$  - талғамдар,

$W$  - күтім;

$P_{dub}$  - субститут тауарының бағасы (алмастырғыш),

$P_{com}$  - комплементарлық тауарларға баға (өзара толықтырушы).

Егер берілген кезеңде берілген тауар бағасынан басқа барлық факторлар өзгермейді деп алар болсақ, онда тәуелділік:

$$Q_{d_i} = f(P_i) \text{ түрінде көрінеді.}$$

Бағадан сұраныс функциясы үш тәсіл арқылы берілуі мүмкін:


1) Кестелік

$P_i$ (руб.)	$Q_{d_i}$ (дана)
4	28
6	24
8	20

2) аналитикалық

$$Q_{d_i} = a - bP_i$$

3) графикалық



2-сурет. Сұраныс қисығы

Сұраныс қисығын тұрғызу үшін  $X$  осі бойынша сатып алынатын тауардың санын ( $Q_d$ ), ал  $Y$  осі бойынша бағасын ( $P$ ) қою қалыптасқан. Сұраныс қисығы ( $d$ ) - бұл нүктелері білгілі бір уақыт ішінде сатып алушылардың әртүрлі тауарлар санын қандай бағада сатып алулары мүмкін екендігін көрсететін қисық. Ол кері енгіске ие, өйткені баға мен сан арасындағы кері тәуелділікті көрсетеді.

Сұраныс заңы келесі тәуелділікті көрсетеді: басқа да тең жағдайларда сатып алушы бағалардың төмендеуі кезінде көп және олардың жоғарылауы кезінде - аз тауар алады.

Сұраныстың өзгеруі сұраныс функциясында көрсетілген факторлардың әсерінен қисықтың оңға немесе солға бұрылуымен көрінеді. Егер берілген кезең бойынша сатып алушылардың саны өсетін болса, онда сұраныс қисығы оңға қарай жылжиды. Өзара алмасатын тауарларға бағалардың төмендеуі сұраныс қисығының берілген тауарға солға бұрылуына әкеледі.

### §3. Ұсыныс. Ұсыныс заңы.

Ұсыныс көлемі ( $Q_s$ ) - бұл белгілі бір жағдайда берілген баға бойынша уақыт бірлігінде сатушылар өндіретін және сата алатын тауардың көлемі. Ұсыныс көлемінің оны анықтайтын факторларға тәуелділігі ұсыныс функциясы деп аталады және;

$$Q_s = f(P, P_r, K, T, N, B)$$
 түрінде келеді,

мұндағы,  $P$  - берілген тауардың бағасы;

$P_r$  - қорлардың бағалары;

$K$  - қолданылатын технологиялардың сипаты;

$T$  - салықтар;

$N$  - сатушылар саны;

$B$  - басқа да факторлар

Егер, бағадан басқа, ұсыныстың көлемін анықтайтын барлық факторларды тұрақты ретінде алар болсақ, онда ұсыныс функциясы:

$$Q_{S_i} = f(P_i)$$
 түрінде болады.

Ұсыныс функциясы үш тәсіл арқылы берілуі мүмкін:

1) кестелік


2) аналитикалық

3) графикалық

$P_i$ (руб.)	$Q_{S_i}$ (шт.)
4	16
6	20
8	24
10	28

қанд мен

$$Q_{d_i} = \pm a + bP_i$$



( $S$ ) - сатушылар өндірісшілер (сатушылар) белгілі бір уақыт ішінде  $n$  сатуы мүмкін екендігін көрсететін қисық. Ол оң енгіске ие, өйткені баға әлей тәуелділікті көрсетеді.


3-сурет. Ұсыныс қисығы

Ұсыныс заңы: егер өзге жағдайлар өзгеріссіз қалатын болса, онда сатушы бағаның жоғарылауы кезінде сату үшін көп тауарды, ал оның төмендеуі кезінде аз тауар өндіреді және ұсынады.

Ұқсастық бойынша сұраныс қисығының қозғалуымен, ұсыныс функциясында көрсетілген кірістердің әсерінен бағаның әрбір мәні кезінде ұсынылатын тауардың өзгерісі жүзеге асатындығын атап өтуге болады, бұның нәтижесінде ұсыныс қисығы солға немесе оңға ауысады. Мысалы, кіріске салық ставкасының төмендеуі ұсыныс қисығын оңға, ал ресурстарға деген бағаның жоғарылауы - солға жылжытады.

#### §4. Нарықтық тепе-теңдік

Сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттестігін қарастыру үшін, сұраныс пен ұсыныс сызықтарын бір графикке орналастыру керек. Олар бір E нүктесінде қиылысады, ол нүкте тепе-тең бағаны ( $P_E$ ) және санын ( $Q_E$ ) көрсетеді.



Р И Д

E қиылысу нүктесінде ұсыныс көлемі сұраныс көлеміне тең болады ( $Q_d = Q_s$ ), және сатып алушыларды да, сатушыларды да теңдей қанағаттандыратын баға қалыптасады ( $P_s = P_d$ ). Баға тепе-теңдігінің қалыптасуы – белгілі бір уақыт кезеңін талап ететін үрдіс. Баға тепе-теңдігінің орнауына тек екі жағдай ғана кедергі келтіруі мүмкін:

- бағаны өз пайдасына жасанды түрде ұстап тұратын сатушы (немесе сатып алушы) монополизм;
- бағаны әкімшілік реттеу.

Әдетте, тепе-теңдік нүктесі тек нарықта ғана, өндірістен кейін байқалады, міне сондықтан оны «табу» мүмкіндігі өндірісшілер мен тұтынушылар арасындағы өзіндік нарықтық талант болып табылады.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Нарық ұғымына анықтама беріңіздер. Нарықтық қатынастардың дамуына қандай алғы шарттар қажет? Мысалдар келтіріңіздер.

2. Негізгі белгілері бойынша нарықтың жіктелуі. Мысалдар келтіріңіздер.

3. Сұраныс заңын тұжырымдаңыздар. Тұтынушы ретінде тауардың бағасының төмендеуінен қандай пайда түсіресіз?

4. Ұсыныс заңын тұжырымдаңыз. Тауарларға деген ұсыныстың өзгеруіне қандай қосымша факторлар әсер етеді?

#### Сабақ №6(қосымша)

Тақырып 2.2 «Нарық және оның қызмет ету заңдары» (қосымша).

Жоспар.

1. Нарықтардың жіктелуі (қосымша).
2. Сұраныс заңының нәтижелері мен парадокстері.
3. Ұсыныс пен сұраныс заңына әсер ететін бағадан тыс факторлар.

### **§1. Нарықтардың жіктелуі (қосымша).**

Нарықтың қарастырылған түрлерінен басқа, қосымша келесі түрлерін атап өтуге болады:

1) Тауарларды сату жағдайларына байланысты нарықты:

- тауарды тұтынушыларға тікелей сату;
- жанама сату.

Бірінші жағдайда тауар өндіруші тауарды сатып алушыға тікелей сатып алу-сату операциясы арқылы береді. Екінші жағдайда тауарды өндіруші мен тұтынушы арасында нарықтық сауда делдалы тұрады (әдетте олар бірнешеу болады).

2) Тауардың өндірушіден соңғы тұтынушыға дейін қозғалу үрдісіне мемлекеттің араласу дәрежесіне байланысты келесі нарық түрлерін ажыратады:

- реттелмейтін нарық;
- реттелетін немесе жартылай реттелетін нарық;
- орталықтан басқарылатын.

Реттелмейтін нарық «таза күйінде» тек айырбастың алғашқы кезеңдерінде ғана жүрді. Қазіргі кезде бұл – көлеңкелі заңсыз нарық және «жайылма базарлар».

Орталықтан басқарылатын нарық өндіріс пен тауар қаржысына меншіктің мемлекеттік формасы үстемдік ететін мемлекеттік социализм жағдайларында өмір сүреді.

Өндіріс қаржысына жеке меншіктің мемлекеттік емес формалары үстемдік ете бастаған кезде экономикасы нарық типті мемлекеттерде реттелетін нарық әрекет етеді. Мемлекет тауарлар түрлеріне, сатылым жағдайларына, бағаларға қатысты белгілі бір шектеулер түрінде нарыққа қатысушылар әрекетінің жалпы ережелерін орнатады.

### **§2. Сұраныс заңының нәтижелері мен парадокстері.**

Сұраныс заңына сәйкес, тауар бағасын төмендету оған деген сұранысты арттырады.

Экономикалық теория тауарға деген бағаның төмендеуі кезінде пайда болатын үш әсер түріндегі келесі түсініктемелерді ұсынады:

- «пайданың өсу әсері» - сатып алушы ақшаның сол көлеміне бұрынғыға қарағанда көбірек пайда мен табыс ала алады;
- «кіріс әсері»- бағаның төмендеуі берілген тауарды шығынның бұрынғы сомасына қарағанда көбірек алуға мүмкіндік береді. Бұл болса сатып алушының ақшалай кірісінің тек берілген тауарға қатысты артуын білдіреді.
- «орын басу әсері» - арзандаған тауар басқа тауарлардың бағасы өзгермесе де оларды салыстырмалы түрде қымбатырақ «жасайды». Сондықтан сатып алушы басқа тауарларды арзандаған ұқсас тауарлармен өзгерте алады.

Бірақ бір қарағанда сұраныс заңына кереғар келетін фактілер болады, бірақ бір ерекшелігі сол қарама-қайшылықтарды түсіндіру сұраныс заңының шегіне сиятындығымен ерекшеленеді.

#### **Парадокс №1. Бағаның жоғарылауы сұраныстың өсуімен қатар жүреді**

Бұл жағдай тек сырттай ғана сұраныс заңына қарама қайшы келеді, өйткені келесі жағдай жүзеге асады: бағаның жоғарылауы қандай да бір кезеңде берілген тауарға бағаның өзгеруінің белгіленген тенденциясын көрсетеді, ал сатып алушылар бағаның қайтадан көтерілуіне ойша дайын болады. Бүгін қымбаттаған тауарды сатып ала отырып – ертеңгі күні оны одан да жоғары бағаға сатып алмайды, осылайша, осыған ақшасын үнемдейді. Ең қолайлысы бүгінгі күні көбірек ақша жұмсап, ертең айтарлықтай үнемдеу – бұл бірінші парадокстың мәні.

#### **Парадокс №2. Бағаның төмендеуі сұраныстың төмендеуіне себепші болады.**

Егер қандай да бір тауарға бағаның төмендеу тенденциясы белгіленген болса, онда сатып алушы бүгін, ертең одан сайын арзандай түсетін тауарды сатып алудың қажеті жоқ деп санайды. Бұнда қайтадан сұраныс көлеміне күтілетін баға факторы әсер етеді: тұтынушының бұндай әрекеті сұраныс заңына сия ма? Ия, өйткені, бағалар неғұрлым төмендеген сайын, сұраныс соғұрлым артады, бірақ ертең, өйткені бағалардың төмендеу тенденциясы жүреді.

#### **Парадокс №3. Дәстүрлі қымбат тауарларға тұрақты, «реттелмейтін» сұраныс.**

Бұндай тауарларды сатып ала отырып тұтынушы ақшаны сәтті салу үмігінде пайда көреді (алтын, бағалы заттар, жер және т.б. сатып алу). Бұндай тауарлар тұрақты қымбат болғандықтан олардың бағасы өсу тенденциясына ие. Демек, сатып алушы ертеңгі күні бұл тауарлардан пайда көруге үміттенеді.

### §3. Сұраныс пен ұсыныс деңгейіне әсер ететін бағадан тыс факторлар

Сұраныс заңы – тек бағасы ғана сұраныстың көлемін анықтайтын, ал қалғандары тұрақты болып саналатын модель. Алайда, сұраныс тек бағаға ғана емес, басқа да бағадан тыс факторларға тәуелді болады, олардың бастысы:

- Тұтынушылар ілтипатының өзгеруі (мода, денсаулық күтімі, әлеуметтік дәрежесінің өзгеруі);
- Сатып алушылар саны (олардың ұлғаюы сұраныстың өсуіне, ал азаюы – төмендеуіне әкеп соғады);
- Сатып алушылар кірісі көлемінің өзгеруі.

Ұсыныс заңы – бұл тек бағасы ұсыныс көлемін анықтайтын, ал қалған барлық факторлар тұрақты болып саналатын модель. Алайда, тауар ұсынысы тек бағаға ғана емес, сондай-ақ басқа да бағадан тыс факторларға тәуелді болады, олардың бастысы:

- Тауарды өндіру кезінде қолданылатын ресурстарға бағалар;
- Өндіріс технологиясының қол жеткен деңгейі;
- Мемлекеттік салықтар мен дотациялар;
- Сатушылар саны (олардың көбеюі ұсыныстың жоғарылауына, ал азаюы – төмендеуіне әкеп соғады);
- Өзара байланысқан тауарларға бағалар.

## САБАҚ №7

### Тақырып 2.3 «Бәсекелестік және монополия».

#### Жоспар.

1. Бәсеке. Негізгі ұғымдар.
2. Жетілген бәсеке.
3. Жетілмеген бәсеке және оның түрлері.

#### §1. Бәсеке. Негізгі ұғымдар.

Нарықтық құрылым – бұл нарықтық бәсекелестік өтетін жағдайлар. Бәсекелестік – нарық шаруашылығы субъектілерінің жеке нарықтық мүдделерін жүзеге асыру барысында олардың қақтығысуының қоғамдық формасы.

Бәсеке – бұл өнімді өндіру мен өткізудің тиімді шарттары және жоғары пайда алу үшін, нарыққа барлық қатысушылардың арасындағы жарыс, күрес. Кез келген нарықта бәсекелік күрестің үш майданы орын алады:

1. тұтынушылар арасындағы бәсеке;
2. сатушылар арасындағы бәсеке;
3. тұтынушы мен сатушы арасындағы бәсеке.

Бәсеке нарықтық экономиканың басты реттеуші механизмі болып табылады:

Бәсекенің функциялары:

1. реттеуші;
2. ынталандырушы;
3. дифференциалдаушы;

Бәсекелі күрестің қандай түрлері бар?

1. сала ішілік және салааралық. Салааралық бәсекенің нәтижесі пайда нормаларын теңестіру болып табылады, соның арқасында тең капиталға тең пайда тиісті.
2. Жетілген және жетілмеген.

Нарықтық құрылымдардың типтері	Белгілері			
	Фирмалардың саны мен көлемдері	Өнімнің сипаты	Кіру және шығу жағдайлары	Ақпаратқа рұқсат
Жетілген бәсеке	Ұсақ фирмалар көп	Біркелкі өнім	Еркін	Ақпаратқа тең рұқсат
Монополия	Бір фирма	Жеке	Кіру мүмкін емес	Ақпаратты алу қиын
Олигополия	Бірнеше фирма	Біркелкі немесе әркелкі	Біршама қиындықтар	Кейбір шектеулер
Монополиялық бәсеке	Көптеген ұсақ фирмалар	Әркелкі	Ешқандай дерлік қиыншылықсыз	Кейбір шектеулер

## §2. Жетілген бәсеке.

Жетілген бәсеке дегеніміз не екенін қарастырайық. Нарықтық бағаға еш ықпал ете алмайтын, көптеген сатушылар бар нарықтық механизм жетілген бәсеке деп танылады. Жетілген бәсекеге келесі белгілер тән:

1. сатушылардың көптігі;
2. сатудағы біртекті өнім;
3. нарыққа ену және шығу еркін болып табылады;
4. ақпарат еркіндігі.

Жетілген бәсеке өмірде өте сирек кездеседі. Көп жағдайда біз жетілмеген бәсекеге кезігіміз.

Жетілген бәсеке тұтынушыларды қанағаттандыратын, бірақ әр тұтынушыға жеке-жеке бөліне, бағалана және сатыла алмайтын, қоғамдық игіліктерді өндіруді көздемейді.

Фирмалардың көп санын көздейтін жетілген бәсеке ГТӨ қарқындалуға қажетті ресурстардың шоғырлануын қамтамасыз етуге әркез қабілетті бола бермейді.

Жетілген бәсеке өнімді бірыңғайландырады және стандарттайды. Ол тұтынушылық таңдаудың кең аясын толық мөлшерде есепке алмайды.

## §3. Жетілмеген бәсеке және олардың түрлері

Жетілмеген бәсеке жетілген бәсекенің бір ғана талабы сақталмаған жағдайда орын алады. Жетілмеген бәсеке үш негізгі формада өмір сүреді:

1. *Монополистік бәсеке* – араларында құпия келісім мүмкін емес, жүздеген фирмалар шаруашылық ететін жерде туындайды. Монополистік бәсеке тұтыну заттарын өндіретін салаларда (шашпараз, дәмхана, дүкендер, жанармай құю бекеттері және т.с.с.) кеңірек көрсетілген.

Монополистік бәсеке – бұл көптеген кішігірім кәсіпорындар дифференциалданған өнімді ұсынатын нарықтың моделі.

Монополистік бәсекенің белгілері:

1. көптеген фирмалар;
2. дифференциалданған өнім;
3. еркін кіріп, шығу;
4. ақпаратқа еркін кіру.

2. *Олигополия* – бұл сатушылардың санының аздығы басым, ал салаға жаңа өндірушілердің енуі жоғары кедергілермен шектеулі болатын, нарықтық құрылым.

Олигополияға тән белгі саладағы фирмалар санының аздығы, әдетте олардың саны оннан аспайды.

Басты рольді 3-4 фирма ойнайтын классикалық (қатаң) олигополиямен қатар, өнімнің негізгі үлесін 6-8 фирма шығаратын, жұмсақ (аморфты) олигополия болады.

Өзінің экономикалық саясатын қалыптастыру кезінде бәсекелестер тарапынан болатын реакцияны есепке алуға мәжбүр болатындай, фирмалардың саны аз болса, олигополия туындайды.

Монополия белгілері:

1. бірнеше ірі фирмалар;
2. біркелкі және дифференциалданған өнім;
3. кіру және шығу шектелген;
4. ақпаратқа рұқсат шектелген.

3. *Монополия* – өндірістің барлығын немесе оның көп бөлігін бақылай отыра тауардың бағасын белгілеуге мүмкіндік беретін нарықтық құрылым. Монополияның пайда болуының басты себебі – өндіріс концентрациясы.

Монополияның пайда болуына заңды және табиғи тосқауылдар көмектеседі. Экономистер монополияның үш түрін ажыратады: жабық, табиғи және ашық.

*Жабық монополиялар* - бәсекелестерден заңды түрде қорғалған монополиялар (патенттік қорғаныс, пошта байланысының мемлекеттік және т.с.с.).

*Табиғи монополиялар* – өндіріс масштабтарында үнемдеу әсерімен қорғалған монополиялар.

*Ашық монополиялар* – бұл бәсекелестерден арнайы қорғанысы жоқ монополиялар, сондықтан олар біршама уақытқа жалғыз тауар өндірушіге айналады.

Монополия – бұл бір ғана сатушы қызмет ететін нарық.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:** 1. Экономикалық теория көз қарасы тұрғысынан бәсеке дегенді қалай түсінесіздер? Тұтынушылар арасындағы бәсеке, сатушылар арасындағы бәсеке, тұтынушы мен сатушы арасындағы бәсеке қалай көрінеді? Мысалдар келтіріңіздер.

2. Нарық құрылымының мінсіз түрі ретінде жетілген бәсекеге мінездеме беріңіз..

3. Жетілмеген бәсекенің бір түрі – монополияның негізгі белгілерін атаңыздар? Бәсекенің бұл түрінің қандай кемшіліктері және артықшылықтары бар?

4. Нарық құрылымының екі түрі: олигополия және монополиялық бәсеке арасында салыстырмалы талдау жасаңыздар.

## **Сабак №8.**

### **Тақырып 2.4 «Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мәні және ұйымдастыру».**

Жоспар.

1. Кәсіпкерліктің мәні
2. Кәсіпкерлік қызметтің жіктелуі

#### **§1. Кәсіпкерліктің мәні**

Әдебиеттерде кәсіпкерлік әрекеттің көптеген анықтамалары бар.

Кәсіпкерлік – бұл жаңашылдық, экономикалық дамудың жаңа мүмкіндіктері мен баламаларын іздеу, ескі стереотиптер мен шекараларды жеңу.

Кәсіпкерлік – материалдық пайда алу мақсатында өнім мен қызметтер жасау үшін, адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, өндіріс факторларын ұйымдастыру және біріктіру.

Кәсіпкерлік – бұл пайда алу мақсатындағы субъектінің шаруашылық әрекеті және жаңашылдықпен, ресурстарды пайдаланудың тиімдірек тәсілдерін табумен, жаңа перспективаларға ашықтығымен, тәуекелге баруға дайындығымен ерекшеленетін, шаруашылық жүргізудің ерекше шығармашыл түрі.

Кәсіпкерлік – мүлікті пайдаланудан, тауарларды сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден жүйелі кіріс, пайда алуға бағытталған, бастамашыл, дербес, өз атынан, тәуекелді, өзінің мүліктік жауапкершілігіне қарай жүзеге асырылатын, жеке және заңды тұлғалардың әрекеті.

Келтірілген анықтамаларға сәйкес кәсіпкерліктің келесідей ерекше белгілерін анықтауға болады:

- жаңашылдық – жаңа өнім өндіру, өндірісте жаңа алдыңғы қатарлы технологияларды қолдану, ресурстардың жаңа түрлерін пайдалану, сатудың жаңа нарықтарын меңгеру.
- экономикалық еркіндік және басқарушы субъектілердің дербестігі;

- тәуекелге бару қабілеті мен дайындығы.

- 

- кәсіпкерлік әрекет мотивациясы, яғни бұл кәсіпкерді қызметтің бұл түрімен айналысуға итермелеген себептер. Экономикалық әдебиеттерде кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру кезінде адамдардың басшылыққа алатын екі мотивті: билік пен ақша.

Нарықтық қатынастардың негізгі қатынастарының бірі фирма болып табылады. экономикалық әдебиеттерде «кәсіпорын», «фирма» дене ұғымдар кеңінен қолданылады. Кәсіпорын – фабрика, ферма, дүкен түрінде ұйымдастырылған бір бағыттағы өндіріс, ол тауарлар мен қызметтерді өндіру және жүзеге асыру бойынша арнайы функцияларды орындайды. Фирма (көп салалы өндіріс) – бұл бір немесе бірнеше кәсіпорындарға ие және табысқа қол жеткізу мақсатында тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін ресурстарды қолданатын ұйым. Қазіргі ғалымдардың пікірінше фирмалар нарық агенттерінің қауіп-қатер мен белгісіздікті төмендету мақсатында пайда болған.

Сонымен қатар «бизнес» және «коммерция» ұғымдарын ерекшелейді.

Коммерция – бұл тауарды сатып алу сату арқылы пайда көруді көздейтін кәсіпкерлік қызметтің бір түрі (берілген жағдайда тауарлар мен қызметтерді өндіру тұспалданбайды).

Бизнес коммерция және кәсіпкерлік ұғымын, сонымен қатар қызметтің белгісіз түрлерін қамтиды.

Кәсіпорындардың шаруашылық әрекеті олардың сыртқы және ішкі ортамен өзара әрекеттестік жағдайларында өтеді. *Кәсіпорынның ішкі ортасы*, кәсіпорынның шаруашылық қызметі тәуелді болып келетін мақсаттар мен міндеттерді, құрылымдарды, қолданылатын технологиялар мен адамдарды қамтиды. Олар кәсіпорындардың ішінде қалыптасатын қатынастардан құрылады.

Сыртқы ортаға кәсіпорынның өнім берушілермен, тұтынушылармен, несие берушілермен, бәсекелестермен, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен және т.б. өзара әрекеттестігі жатады. Бұның өзінде, экономикалық қатынастардың жүйесіне тартылған әрбір субъект өзінің жеке мүдделеріне ие болады. Сондықтан кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің нәтижелілігі бұл қызығушылықтардың үйлесімділігіне, жеке шаруашылық ететін субъектілердің мақсаттары арасында динамикалық тепе-теңдікке қол жеткізу дағдысына тәуелді болады.

## §2. Кәсіпкерлік қызметтің жіктелуі

Кәсіпкерлік бірнеше белгі бойынша жіктеледі:

1. Түрі немесе міндеті бойынша:

- өндірістік әрекет. Оған: инновациялық, ғылыми – техникалық, ақпараттық кәсіпкерлік, тауарларды өндіру; қызмет көрсету; ақпараттық кәсіпкерлік; тауарларды өндіру; қызметтерді көрсету; тауарларды өндірістік тұтыну, қызметтер көрсету, тауарларды өндірістік тұтыну; қызметтерді өндірістік тұтыну және т.б.

- коммерциялық әрекет. Оған: сауда, сауда-саттық кәсіпкерлік, тауарлық биржалар.

- қаржылық әрекет. Оған: банк, сақтандыру, аудиттеу, лизингтік кәсіпкерлік, қор биржалары жасаты.

- кеңес беру (консалтингтік) кәсіпкерлік. Оған: жалпы басқарма, әкімшілік, қаржы басқармасы, кадарларды басқару, маркетинг жатады.

### **Меншік формалары бойынша:**

- жеке кәсіпкерлік;
- мемлекеттік кәсіпкерлік;
- муниципалдық кәсіпкерлік;
- қоғамдық ұйымдардың меншігі.

### **Меншік иелерінің көлемі бойынша:**

- жеке кәсіпкерлік;
- ұжымдық кәсіпкерлік;

II. Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-экономикалық формалары.

- Концерн – қатысу жүйесі арқылы кәсіпорынды бақылайтын, көпсалалы акционерлік қоғам. Концерн еншілес компаниялар акцияларының бас пакетін сатып алады. Өз кезегінде еншілес кәсіпорындар көбінесе шетелдерде орналасқан басқа компаниялардың бас пакеттеріне ие болуы мүмкін.



- Ассоциация – бір мезгілде басқа түзілімдерге ене алатын, экономикалық дерес кәсіпорындардың еркін, бірлесуінің жайлы формасы. (тіс дәрігерлерінің ассоциациясы, тауар өндірушілердің ассоциациясы және т.б.). Әдетте, ассоциацияның құрамына бір саладағы кәсіпорындар және белгілі бір территорияда орналасқан ұйымдар кіреді. Ассоциацияны құрудың мақсаты – бірлескен ғылыми-техникалық, өндірістік, экономикалық, әлеуметтік міндеттерді шешу.
- Консорциум – ірі қаржылық операцияны бірлесіп жүргізу мақсатында кәсіпкерлердің бірігуі. Мұндай бірлесу қаржыларды ірі жобаға салуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тәуекел де азаяды, өйткені жауапкершілік барлық мүшелерге бірдей. ҒТӨ жағдайында консорциумдар жаңа салаларда, немесе бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін, екі саланың тоғысында пайда болады.
- Синдикаттар – арасында бәсекені болдырмау үшін, бір сала кәсіпкерлерінің өнімін сатуға бірігуі.
- Картель - өнімнің, қызметтердің бағалары, сату нарықтарының бөлінуі, өндірістің жалпы көлеміндегі үлесі және т.б. туралы бір саладағы кәсіпкерлердің арасындағы бірлестік немесе келісім.

## 2. Ұйымдастырушылық-құқықтық формалар бойынша:

- **Толық серіктестік**, заңды тұлға бола отырып, жарғысы болмауы мүмкін, және ол үшін құрылтай құжаттары ретінде құрылтайшылардың келісім шарты болып табылады. барлық құрылтайшылар серіктестік қарыздары бойынша өзінің барлық мүлкімен ынтымақтас жәрдемдік жауапкершілікке ие болады. Несие берушілер серіктестің кез-келгенінен өндіріп алуды талап ете алады.

Серіктестік сенім негізінде немесе командиттік серіктестік серіктестердің екі типін қамтиды:

- *нағыз мүшелер;*
- *салымшы-мүшелер, олар серіктестіктің мүлкіне салымдар салып, серіктестіктің қарыздарына жауапты болмайды, тек өзінің салымымен тәуекелге барады.* Командитистер кәсіпкерлік қызмет пен серіктестікті басқаруға қатыспайды, бірақ өзі салған капиталдан түскен кірісті алу құқығына ие.

Құрылтайшы құжат ретінде құрылтайшылардың келісімшарты болып табылады. Бұндай серіктестікті жасау үшін бір толық серіктес және бір салымшы қажет.

- **Акционерлік қоғам (АҚ):** ашық және жабық. АҚ жарғылық қоры номиналды құнға тең акциялардың белгілі санына бөлінген серіктестік. Акционерлік қоғамның мүшелері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және тек енгізілген капитал шектерінде шығындар тәуекеліне барады.

- **Жауапкершілігі шектеулі қоғам (ЖШҚ)** бір ғана құрылтайшысы болады, қатысушылар саны шектеулі.

- **Қосымша жауапкершілігі бар қоғам** – ЖШҚ бір түрі, бірақ қатысушылардың саны шектеулі болуымен ерекшеленеді, ал несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін мүліктің жеткіліксіз болуы кезінде бұндай серіктестіктің қатысушылары ынтымақтастық тәртіпте, салым құнынан еселі көлемде олған тиесілі басқа мүлікпен қосымша жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

- **Өндірістік кооператив** — жеке еңбек салымы мен мүліктік салымдардың бірігуіне негізделген бірлескен шаруашылық қызмет атқару үшін азаматтардың (бесеуден кем емес) ерікті түрде бірлестігі.

- Мемлекеттік және муниципальдық біртұтас кәсіпорын (уни - біреу). Шаруашылықты жүргізуге құқылы біртұтас кәсіпорын мемлекеттік немесе муниципальдық меншікте болады. Біртұтас кәсіпорын мүлікті басқарады және пайдаланады, ал меншік иесі кәсіпорынды жасайды, ұйымдастырады және жояды, оның қызметінің мақсаттарын анықтайды, мүліктің қолданысы мен сақталуын бақылайды, кіріс бөлігін алу құқығына ие болады.

Біртұтас кәсіпорын жедел басқару құқығы негізінде мемлекет меншігінде болады, жарғылық қорды мемлекет жасайды.

- **Тұтынушылық кооператив** — қатысушылардың материалдық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, жарна үлесін біріктіру жолымен мүшелік негізіндегі ерікті бірлестік, оның істерінде міндетті жеке қатысуларды болжамайды.

• Қоғамдық және діни ұйымдар – рухани және басқа да материалдық емес қажеттіліктерді қанағаттандыру негізіндегі ерікті бірлестік.

• Қорлар – қоғамдық-пайдалы мақсаттарды көздейтін ерікті салымдар негізінде құрылған мүшелігі жоқ қорлар. Негізін салушылар бұл заңды тұлғаның қатысушысы болып табылмайды, сондықтан олар қордың қызметіне де, оны басқаруға да қатыспайды.

• Мекеме – ұйымдастырушымен қаржыланатын, басқару, әлеуметтік-мәдени және басқа да қызметтерді жүзеге асыру бойынша жасалады. Мекемелер – бұл мемлекеттік және муниципалдық басқарманың әртүрлі органдары (мекеме - ұйым).

Одақтар мен ассоциациялар — қоғамдық мүдделерді қорғау және жұмыстарды басқару мақсатында құрылған ұйымдар.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Кәсіпкерліктің даму тарихына қысқаша шолу жасаңыздар.

2. Кәсіпкерліктің экономикалық сипаты туралы айтып беріңіз (кәсіпкерліктің объектісі, субъектісі ретінде).

3. Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі. Сіздер қалай ойлайсыздар, әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпкер болған тиімді ме?

4. Кәсіпкерліктің мәні және кәсіпкерлік орта туралы не білесіздер?

5. Кәсіпкерліктің ішкі ортасы, ерекшеліктері? Ішкі ортаның факторларына мысал келтіріңіздер.

6. Кәсіпкерліктің сыртқы ортасының ерекшеліктері? Мысал келтіріңіздер.

7. Маңыздылығына қарай қазіргі заманғы кәсіпкерге тән қасиеттерді атаңыз.

8. Кәсіпкерліктің қандай негізгі түрлерін білесіздер? Қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтар бар

#### **Сабак №8. (қосымша).**

##### **Тақырыбы 2.4: «Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мәні және ұйым» (қосымша).**

#### **Жоспар.**

1. *Кәсіпкерлік тарихынан.*

2. *Кәсіпкерліктің экономикалық сипаты.*

3. *Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі.*

#### **§1. Кәсіпкерлік тарихынан.**

Кәсіпкерлік тарихы ғасырлар тереңіне кетеді, алайда, оның қазіргі түсінігі капитализмнің құрылу және даму кезеңінде қалыптасты. Дәл капитализм негіз ретінде және өзінің гүлдену көзі ретінде еркін кәсіпкерлікті таңдады.

Антикалық дәуірде саудагер, көпес және басқа да кез-келген іскер адамның қызметі лайықсыз және күнәлі деп қаралды. Аристотель, өзіне ішкі тыныштық жетіспейтін саудагердің қызметіне қарағанда, философтың өмір салтын лайықты деп санады.

Ғасырдың ортасында көптеген философтар кәсіпкерлікке өшпенділікпен қарады; бұл кезеңде өндірістің басты формасы табиғи шаруашылық болып қала берді, және ынталы жер өңдеушінің байсалды өмірі мен қызметі адамдық тіршілік етудің идеалы болып саналды. Үнемі ізденіс үстінде болатын кәсіпкер, қалыптасып қалған дағдыларды бұза отырып, шаруашылық кертартпалыққа тікелей қарама-қарсылық болды.

Экономикада классикалық мектептің негізін салушылардың өздері кәсіпкерде ерекше мәнді байқамады, өйткені олардың пікірі бойынша, экономикалық үрдіс өзімен-өзі «көрінбейтін қол» қағидасы негізінде жүзеге асады деп санады.

Тек 19-20 ғғ. тоғысында ғана кономистер экономикалық үрдіс үшін кәсіпкерліктің шешуші мәнін мойындады. А.Маршалл өндірістің үш классикалық факторы – еңбек, жер, капиталға төртіншіні – ұйымды қосты, соның салдарынан сол фактор қазіргі – «кәсіпкерлік» атауына ие болды.

Неміс экономисі В.Зомбарт кәсіпкерлікке қысқаша сипаттама береді: кәсіпкер – бұл *басқыншы* (тәуекерге дайындық, ойдың байлығы, ырық пен табандылық), *ұйымдастырушы* (көптеген адамдарды қосылып жұмыс істеуге біріктіру дағдысы) және *саудагер* (адамдарды өз тауартын сатып алуға көндіру, олардың қызығушылығын ояту, сеніміне кіру дағдысы). Зомбарт кәсіпкердің мақсаттары туралы айта келе, олардың ішінде басты өз ісін дамыту мен өсіруге ұмтылысын атап өтеді, ал бағынышты – пайданың өсуін, өйткені онсыз өрлеу мүмкін емес.

20 ғасырдың өзінде кәсіпкердің негізгі функциялары анықталған болатын:

- 1) Жаңа немесе ескі жаңа сападағы материалдық игіліктерді жасау;
- 2) Өндірістің жаңа тәсілдерін енгізу;
- 3) Өтімнің жаңа нарығын жаулау немесе ескіні аса кеңінен қолдану;
- 4) Шикізаттың жаңа түрін қолдану;
- 5) Істің жаңа ұйымын енгізу.

Осылайша, қазіргі ғылыми әдебиеттерде кәсіпкерлікке, өндірістің басқа факторларын іске қосатын және экономикалық дамуға үлес қосатын аса маңызды шаруашылық қор ретінде біржақты көзқарас қалыптасты.

## §2. Кәсіпкерліктің экономикалық сипаты.

Экономикалық тұрғыдан, кәсіпкерлік:

- экономикалық категория;
- шаруашылықты жүргізу әдісі;
- экономикалық ойлау типі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Кәсіпкерлікке экономикалық категория ретінде сипаттама беру үшін оның субъектілері мен объектілерін орнату керек.

Кәсіпкерліктің субъектілері ретінде, ең алдымен, қызметі жекеменшік, жалдамалы еңбек негізінде жүзеге асатын жеке тұлғалар болуы мүмкін. Кәсіпкерлік бір-бірімен өзара келісім қатынастары мен экономикалық қызығушылықтары арқылы байланысқан жеке тұлғалар тобымен

де жүзеге асуы мүмкін. Ұжымдық кәсіпкерліктің субъектілері ретінде акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, кооперативтер және т.с.с болып табылады. Нарықтық экономикада кәсіпкерліктің субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындар да жатады. Кәсіпкерліктің объектілері – бұл кірісті максимизациялау үшін өндіріс факторлерінің аса тиімді комбинациясы. Кәсіпкер тұтынушыға белгісіз жаңа игіліктерді жасау; жаңа технологияларды ашу, коммерциялық пайда алу мақсатында өтімнің жаңа нарығын және жаңа көздерді игеру үшін қорларды құрамдастырады.

Кәсіпкерлікті, шаруашылықты жүргізудің әдісі ретінде сипаттау үшін, бірінші және басты шарт басқарушы субъектілердің дербестігі мен тәуелсіздігі, оларда қызмет түрін, қаржыландыру көздерін, өндірістік бағдарламаны қалыптастыруды, өнімге бағаны орнатуды, кірісті басқаруды және т.б. таңдау бойынша белгілі бір құқықтар мен еріктің болуы. Бірақ кәсіпкер нарыққа, сұраныс пен ұсыныс динамикасына, бағалар деңгейіне, яғни қалыптасқан тауарлы-ақшалай қатынастар жүйесіне тәуелділікте болады.

Кәсіпкерліктің екінші шарты – қабылданатын шешімдерге жауапкершілік, олардың салдары мен онымен байланысты тәуекел. Тәуекел үнемі белгісіздікпен байланысты, аса тиянақты есеп пен болжам болжам факторын жоя алмайды.

Кәсіпкерліктің үшінші шарты – коммерциялық сәттілікке қол жеткізу бағдары, пайданы арттыруға тырысу. Алайда көптеген қазіргі кәсіпкерлердің қызметі экономикалық міндеттерден тыс шығып жатады: олар қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысады, өз қаражатын мәдениет, білім, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғауды дамытуға бөледі, яғни әлеуметтік жауапкершілік танытады. Экономикалық ойлаудың ерекше типі ретінде кәсіпкерлікті сипаттау үшін кәсіпкердің өзінің тұлғасын бағалау қажет. Кәсіпкерлік – бұл әрекет түрі емес, ой жүйесі және болмыстың қасиеті. Кәсіпкер болу – басқалар істегенді істемеу. Өзгеше ойлау қабілетіне, болжам жасау дарынына ие болу керек, тәуекелге бел байлап, қорқынышты жеңе білу керек және өтіп жатқан үрдістерге байланысты емес, сол үрдістерді өзі анықтай білу керек. Кәсіпкермен жеңіске деген ырық, күреске деген ықылас, оның еңбегінің ерекше шығармашылық сипаты қозғалтады.

## §3. Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін анықтаудың келесі анықтамалары болады:

- бірлестіктердің әлеуметтік жауапкершілігі – компанияның қоғамды жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға қатысудың ерікті шешімі;
- бизнестің бірлескен жауапкершілігі – компаниядан, олардың қызметі қоршаған әлемге қалай әсер ететіні жөнінде өзіне толық жауапкершілікті қабылдауды талап ететін азаматтардың қоғамдық қозғалысы;

- бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – бұл компанияның негізгі қызметімен тікелей байланысты және белгілі бір заңнамалық минимум шегінен шығатын қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларын дамытуға қосатын ерікті үлесі.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі неге негізделеді? Және ол кіріс әкеле ала ма? Әлеуметтік-жауапкершілікті бизнес концепциясының үш негізгі түсініктемесін қарастыруға болады:

- 1) Дәстүрлі концепция, бизнестің жалғыз жауапкершілігі – өз акционерлері үшін пайданы ұлғайту екендігін көрсетеді. Бұл көзқарас бірлескен өзімшілік теориясы деп аталады.
- 2) Бірлескен альтруизм теориясы, қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға корпорациялар айтарлықтай үлес қосуға міндетті екендігін ерекше атап өтеді.
- 3) Саналы эгоизм теориясы, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – бұл қарапайым ғана жақсы бизнес, өйткені кірістің ұзақ мерзімді шығындарын қысқартады деп сендіреді. Әлеуметтік бағдарламаларға ақша жұмсай отырып, корпорация өзінің ағымдағы кірістерін қысқартады, бірақ қолайлы әлеуметтік ортаны қалыптастырады, демек тұрақты кіріс жасайды. Әлеуметтік жауапты іс-әрекет – бұл корпорация үшін аман қалуда, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда өзінің негізгі қажеттіліктерін жүзеге асырудың мүмкіндігі.

## **САБАҚ №9**

### **Тақырып 2.5: «Жеке капиталды қайта өндіру»**

#### **Жоспар.**

1. *Капитал – оның мәні мен мағынасы. Капитал айналымы.*

2. *Негізгі қорлар – олардың қызметі, құрамы және құрылымы.*

3. *Негізгі қорлардың тозуы.*

4. *Айналыс капиталы – оның қызметі, құрамы мен құрылымы.*

#### **§1. Капитал – оның мәні мен мағынасы. Капитал айналымы.**

Әр кәсіпорын нарықтық экономикада экономикалық тұрғыда жекеленген өндірістік бірлік ретінде қызмет атқарады. Әрбір жеке кәсіпорында жеке ұдайы өндіріс жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның жеке ұдайы өндірісі – бұл тауарларды жасау және пайда алу мақсатында өндіріс факторларын өндірістік біріктірудің үздіксіз қайталанатын үрдісі.

Кәсіпорынның капиталы заттай және ақшалай бөліктерден тұрады. Кәсіпорынның капиталы – бұл кәсіпорынның мүлкі. Белгілік бір жекешелендірілген мүліксіз ірі және кіші кәсіпорындар да, жеке кәсіпкерлер де өз қызметін жүзеге асыра алмайды. Егер кәсіпорын нарық сұранысына ие болса, ол активтер деп аталады. Кәсіпорынның активтері айналымнан тыс және айналымдағы болып бөлінеді, олар бір-бірінен физикалық формасымен, рөлімен және өндірістік үрдістегі орнымен ажыратылады.

Айналымнан тыс активтер ұзақ өмірлік циклге ие болады – бір жылдан кем емес.

Кәсіпорынның мүлкі сондай-ақ айналымдағы активтер (айналым қаржысы) болып табылады. Олардың өмірлік циклі бір жыл ішінде аяқталады, олар айналымның жоғары жылдамдығына ие болады.

Кәсіпорынның қалыпты қызмет етуі үшін, өндірістік қорлар **қор айналымы** деп аталатын тұрақты қозғалыста болуы керек.

Қор айналымы – бұл өндірістік қорлар құнының өндіріс және айналым салалары арқылы қозғалуы. Соның нәтижесінде ол үш сатыдан өтеді және біртіндеп өндірістік, тауарлы және ақшалай формаға ие болады.

Жеке факт емес, мерзімді түрде қайталанатын үздіксіз үрдіс ретінде қарастырылатын қор айналымы қорлардың айналысы деп аталады. Айналыс уақыты өндіріс уақытынан және айналым уақытынан тұрады.

Өндіріс уақыты қоймаға түсу сәтінен бастап, дайын өнім шығарумен аяқтап, өндіріс саласында өндіріс құралдарының бүкіл кезеңін қамтиды.

Айналым уақыты қоймада, тасымалдауда, сатуда болуы уақыты, сонымен қатар жаңа өндіріс құралдарын сатып алу уақыты.

#### **§2. Негізгі қорлар – олардың қызметі, құрамы және құрылымы.**

Негізгі қорлар (НҚ) – бұл еңбек үрдісіне бірнеше мәрте (бірнеше өндірістік циклдер ішінде) қатысатын еңбек құралдары, өздерінің табиғи-заттық формасын жоғалтпайды және тозу шамасына қарай өнімге бөлшектермен өзіндік құнын тасымалдайды.

Өндірістік қызметі бойынша негізгі қорларды негізгі өндірістік қорлар (НӨҚ) және негізгі өндірістік емес қорлар деп ажыратады. Негізгі өндірістік қорлар өнімді өндіру үрдісіне тікелей қатысады немесе оны өндіруге жағдайлар жасайды.

Бұл – ғимараттар, құрылыстар, ауыстырылатын құрылғылар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүліктер, жұмысшы және өнімді мал, көпжылдық көшеттер.

ОПФ бөлек негізгі өндірістік емес қорлар да болады, олар өндіріс үрдісіне тікелей қатысады – тұрғын үйлер, балаларға арналған, мәдени, спорттық және сауықсыру нысандары. Олар құнын дайындалатын өнімге тасымалдайды және кәсіпорын пайдасы, мемлекеттік бюджет қаражаты немесе азаматтардың жеке жинақтары есебінен іске қосылады.

Негізгі қорлар өздерінің өндірістік құрылымдарымен сипатталады. Өндірістік құрылым – ОПФ жалпы құнында олардың әр тобының құнының меншікті салмағы (%). Құрылымның қарқындылығын анықтау үшін ОПФ салмағын активті және пассивтіге бөледі.

Активті ОПФ – өндірістік үрдіске тікелей қатысады және өнімді (машиналар мен жабдықтар, ауыстырылатын құрылғылар, зауыт ішіндегі көлік) шығаруды ұлғайтуға әсер етеді.

Пассивті ОПФ — өндірістік үрдісті (ғимараттар, құрылыстар, мүліктер) ұйымдастыру үшін белгілі бір жағдайларды жасауға көмектеседі.

### **§3. Негізгі қорлардың тозуы**

Өндіріс үрдісінде негізгі қорлар материалдық тозуға ұшырайды. Физикалық және моральды тозуларды ажыратады.

Физикалық тозу — машиналар, ғимараттарды пайдалану кезінде жарамсыз болып, яғни физикалық тозуға ұшырайды. Тозу оларды қарқынды қолданудан да, табиғат күштерінің әсерінен де болады.

Моральдық тозу — бұл негізгі қорлардың (НҚ) толығымен тозуы мерзімінің болуына дейінгі олардың құнсыздануы. Бұл екі себеп бойынша жүзеге асады:

- 1) еңбек өнімділігінің өсуі салдарынан, осы қорларды өндіретін салаларда ұқсас жабдықтардың арзандауы жүзеге асады.
- 2) ғылыми-техникалық үрдістің әсерінен жаңа, аса жетілген және өнімді машиналар пайда болады.

ОПФ тозған бөлшектерінің құнын дайын өнімге тасымалдау үрдісі амортизация деп аталады.

### **§4. Айналыс капиталы – оның қызметі, құрамы мен құрылымы.**

Үздіксіз өндіріс үрдісімен қамтамасыз ету үшін, негізгі өндірістік қорлармен қатар кәсіпорындарға еңбек заттары, материалдық қорлар яғни айналым капиталы қажет. Кәсіпорынның айналым капиталы немесе айналым қаражаты – айналымдық өндірістік қорлар мен айналым қорларына салынған айналым қаржысының жиынтығы.

Айналымдық өндірістік қорлар - бұл бір өндірістік циклде толығымен тұтынылатын еңбек заттары, бұның өзінде өзінің табиғи формасын өзгертеді және өзінің барлық құнын бірден дайын өнімге тасымалдайды. Айналымдағы өндірістік қорлар:

- өндірістік қорлардан;
- аяқталмаған өндірістен;
- болашақ кезеңдердегі шығындардан тұрады.

Айналымдағы өндірістік қорлар өндіріс саласында қызмет етеді және оларды айналым саласына қызмет көрсететін айналым қорларынан ажырату керек.

Айналым қорлары – дайын өнімге салынған ақшалай қаржы, ол қоймаларда болады немесе тұтынушыларға, төленбей тасымалдананды, сондай-ақ кассадағы, банктердегі шоттардағы, есеп шоттардағы (дебиторлық қарыз) ақшалай қаржы.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:** 1. Кәсіпорынның құрылуына, дамуы мен қызмет етуіне қажетті алғы шарт - капитал деген қағиданы түсіндіріңіздер. Капитал дегеніміз не? Капитал айналымы қандай мақсатпен жүзеге асырылады?

2. Кәсіпорын капиталының негізгі бөлігі- негізгі қорлар дегеніміз не? Негізгі қорлар – олардың қызметі, құрамы және құрылымы?
3. Негізгі қорлардың тозуы және тозу себептері?
4. Айналым капиталы – оның қызметі, құрамы мен құрылымы? Мысал келтіріңіздер.:

## Сабақ №10

### Тақырып 2.6 «Еңбекақы».

#### Жоспар.

1. Еңбекақыны төлеудің мәні және принциптері.
2. Еңбекақыны төлеудің формалары мен жүйелері.

#### **§1. Еңбекақыны төлеудің мәні және принциптері.**

Еңбекақы – бұл жұмысшылардың жұмсаған еңбегінің саны мен сапасына сәйкес олардың жеке билігіне түсетін ұлттық кіріс бөлігінің ақшалай көрінісі.

Қазақстан Республикасында аралас әлеуметтік бағдардағы нарықтық экономика жағдайларында еңбекақыны реформалап, жалдамалы еңбекті пайдалану көзделеді. Еңбекақының жаңа жүйесінде көзделген:

- еңбекақының нақтылы деңгейі ҚР республикалық бюджеті туралы заңда бекітілген деңгейден төмен болмауы тиіс;
- еңбекақы бойынша кез келген шектеулерді алып тастау (салықтық шектеулерден басқа);
- жұмыс беруші мен жұмысшының арасында еңбекақының келісімді принципін қолдану. Әр жұмысшы өзінің еңбек құқықтарын қорғауды кәсіподаққа көшіруге құқылы.

Халық шаруашылығының салалары мен сфералары бойынша еңбекақының деңгейлерінде, бес қағидаға (принципке) негізделген, белгілі айырмашылықтар бар:

- 1) еңбектің күрделілігін есепке алу;
- 2) еңбек жағдайларындағы айырмашылықтарды есепке алу (жеңіл, ауыр, қалыпты, зиянды);
- 3) саланың маңыздылығы мен приоритеттілігін есепке алу;
- 4) экономикалық аудандар мен аймақтардың табиғи-климаттық жағдайларының айырмашылықтарын есепке алу;
- 5) жұмысшының да, ол еңбек ететін бүкіл ұжымның да еңбек нәтижелерімен байланысты.

*Номиналды еңбекақы* – бұл еңбегі үшін жұмысшы қолға алатын ақша сомасы.

*Шынайы еңбекақы* бүгін және ертең номиналды еңбекақысына жұмысшы сатып ала алатын тауарлар мен қызметтердің көлемінен көрінеді.

#### **§2. Еңбекақыны төлеудің формалары мен жүйелері.**

Еңбекақының екі формасын қолданады: кесімді және уақытпен есептелетін. Еңбекақының кесімді формасы тікелей кесімді, кесімді-премиалды, аккордты және жанама кесімді төлемге бөлінеді. Уақытпен есептелетін формасы уақыттық және уақыттық-премиалды жүйеге бөлінеді.

Жұмысшының өнімділігін есепке алу тәсіліне қарай еңбекақы бөлінеді: жеке, орындалған жұмыстың есебі мен еңбекақының есетемесін әр жұмысшыға жеке жүргізеді; ұжымдық (бригадалық), орындалған жұмыстың есебі мен еңбекақыны бастапқы есептеуді жалпы бригадаға жүргізеді. Еңбекақының негізгі формасы – кесімді, өйткені ол еңбек өлшемін толығырақ ашады және еңбектің мөлшері мен сапасын бақылайды.

Тікелей кесімді жүйе. Жұмысшының жалақысы қажетті сапалы өндірілген өнімнің көлемімен және өнім бірлігінің бағалануымен анықталады. Орындалған жұмыс сәйкес келетін, мөлшердегі күндізгі тарифтік ставканың жұмыс өнімділігінің кесімді нормасына қатынасымен бағалау белгіленеді.

Кесімді-премиалды жүйе белгілі өндірістік көрсеткіштерді жақсартқаны үшін, жұмысшыларды премиялау мен ебекақының кесімді жүйесінің бірлігін құрайды.

Еңбекақының аккордты жүйесі. Оның мәні мынадан тұрады: кесімді бағалау орындауға дейін бүкіл жұмыс көлеміне әкімшілік пен жұмысшылардың арасындағы келісім бойынша белгіленеді. Еңбекақының аккордты жүйесі құрылыс ісінде, көмір өнеркәсібінде және

геологиялық барлауда кең таралған. Бұл жүйенің басты кемшілігі еңбекақы көлемдерінің толымсыз негізделуі болып табылады. Сондықтан бұл жүйеге тыйым салынған, ол тек ерекше жағдайларда қолданылады. Аккордты төлемнің мөлшері кесімді ақы алатын жұмысшылардың өнімділігінің бастапқы нормалары мен қолданыстағы тарифтік ставкларынан шыға отыра, анықталады.

Еңбек ақының жанама кесімді жүйесі, еңбегі мөлшерлеуге және есептеуге жатпайтын, жұмысшылар тобына қолданылады.

Еңбек ақының уақыттық формасы. Біліктілігі (тарифтік ставкасы) бар және нақтылы атқарылған уақыты бар жұмысшының жалақысы. Уақытпен жұмыс істейтін жұмысшылардың жалақысы күнделікті немесе ай сайын жүргізіледі. Ай сайынғы төлем кезінде жұмысқа шығудың белгіленген графигін орындағанда, жұмысшыға толық төленетін айлық ставканы белгілейді.

Уақыттық төлем кезінде жұмысшы еңбегінің нәтижелері мен оның еңбекақысы арасында тура байланыс жоқ, сондықтан бұл жүйе еңбек өнімділігінің өсуін ынталандырады және бірдей біліктілігі бар жұмысшылардың еңбекақысын төлеуде теңдікке әкеледі.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:** 1. Еңбекақыны төлеудің мәні және принциптері. Еңбекақы- жұмысшының еңбегінің қарқынын жоғарлатушы негізгі ынталандырушы күш екені рас па? Еңбекақы деңгейіне әсер етуші негізгі факторлар?  
2. Уақытпен және кесімді еңбек ақы формаларының мәні? Артықшылықтар мен кемшіліктері?  
3. Ниминальды еңбекақы және шынайы еңбекақы түсініктеріне анықтама беріңіздер. Еңбекақының экономикалық және әлеуметтік қызметтері. Мысал келтіріңіздер.  
4. Нарықтық экономикада мемлекет еңбекақыны төлеуді реттеу арқылы халықтың әлеуметтік қорғау жүзеге асырылады?

## **САБАҚ №11**

### **Тақырып 2.7: «Пайда, табыстар».**

#### **Жоспар.**

1. Шығындар және өзіндік құн.
2. Кіріс және оның түрлері.
3. Маркетинг. Негізгі ұғымдары.

#### **§1. Шығындар және өзіндік құн.**

Шығындар – кәсіпорынның өзінің өндірістік және саудалық қызметін жүзеге асыруға қажетті өндірістік факторлар шығындарының ақшалай көрінісі.

Олар өнімнің өзіндік құнының көрсеткіштерінде көрініс береді.

Осылайша, өнімнің өзіндік құны, өнімді өндіру мен өткізуге қажетті барлық шығындарды сипаттайды.

Өнімнің өзіндік құнына келесілер жатады:

- Өндірісті дайындау мен меңгеруге кететін шығындар;
- Өнімді өндіруге байланысты шығындар (өндірістің технологиясы және ұйымымен байланысты);
  - Еңбекті төлеуге кететін шығындар;
  - Табиғи шикізаттарды қолданумен байланысты шығындар;
  - Технологияларды жетілдіру және өндірісті ұйымдастыру, сапаны жақсартумен байланысты шығындар;
    - Өнртапқыштықпен, техникалық жетілдірумен, рационализаторлық ұсыныстармен байланысты шығындар;
    - Өндірістік үрдістерге қызмет көрсету бойынша шығындар – модернизация мен реконструкциядан бөлек, ағымдағы, орташа, толық жөндеу.
      - Еңбектің қалыпты жағдайлары мен ҚТ (қауіпсіздік техникасы) қамтамасыз ету бойынша шығындар;
        - Жұмыс күшін іріктеумен байланысты шығындар;
        - Табиғатты қорғау қызметіндегі қорлардың құрылымы мен қолданысына байланысты шығындар;
          - Өндірісті басқарумен байланысты шығындар;

- Кадрларды даярлау және қайта даярлаумен байланысты шығындар;
- Жұмысшыларды жұмыс орнына және кері тасымалдаумен байланысты шығындар;
- Еңбек туралы заңнамамен қарастырылған төлемдер – демалыс төлем ақысы;
- Әлеуметтік сақтандыру қоры, зейнеткерлік қор, жұмыспен қамту қоры, медициналық сақтандыру қорларына аударылымдар;
- Кәсіпорын мүлкін сақтандыруға кететін шығындар;
- Несиелер бойынша шығындарды төлеу, банк қызметтерін төлеу шығындары;
- Кепілдемелік қызмет көрсетулер бойынша шығындар;
- Өнімді өткізумен байланысты шығындар – орау, сақтау, тасымалдау;
- НҚ іске асырудың шығындары – брак шығындарын толығымен қалпына келтірудің амортизациясы.

Өзіндік құн – айналым үрдісі салдарынан, өндірістің үздіксіз қызметін қамтамасыз ете отырып кәсіпорынға қайтатын құнның бөлігі.

Кәсіпорындар үшін элементтер бойынша шығындардың міндетті номенклатурасы орнатылған:

- 1) материалдық шығындар (қалдықтарды есепке алмағанда, шикізатқа және негізгі материалдарға; көмекші материалдарға; отынға; басқа жақтан энергияға);
  - 2) еңбекті төлеуге кететін шығындар;
  - 3) әлеуметтік қажеттіліктерге аударылымдар;
  - 4) ОПФ амортизациясы;
  - 5) өзгелер (өндіріс үрдісімен тікелей байланысты ақшалай шығындар).
- Әртүрлі салалар үшін олардың құрылымдары бірдей емес.

Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау кезінде, оларға шығындарды жатқызу тәсілі бойынша:

- 1) тікелей шығындар – белгілі бір өнімді даярлаумен тікелей байланысты шығындар (шикізат, негізгі және көмекші материалдар, отын және энергия, жалақы, ыдыс);
- 2) жанама шығындар — бүтіндей цехтің немесе кәсіпорынның шығындарымен байланысты — өнім түрлері бойынша тікелей есептелмейді, қандай да бір көрсеткішке пропорционал есептеледі (цехтік және жалпы зауыт ішіндегі шығындар — жалақыға пропорционал; жабдықтарды ұстау мен қолдану шығындары — өндіріс көлемдеріне пропорционал).

Өзіндік құнның мөлшеріне өндіріс көлемі мөлшері өзгеруінің әсері бойынша шығындарды келесідей ажыратады:

- тұрақты — өндіріс көлемінің өзгеруімен олардың мөлшері өзгермейді (амортизацияға аударылатын сома, жалға алу, басқарушы қызметкерлер құрамының жалақысы);
- аусыпалы – өнімді өндіру көлеміне пропорционал өзгертіндер (шикізат, материалдар, , энергия, жұмысшыларға жалақы).

Айқын және айқын емес шығындарды ажыратады.

*Айқын шығындар* – бұл өндіріс факторларының өнім берушілерге тікелей төлемдер формасын қабылдайтын альтернативтік шығындар. Әдетте фирмалар оларды өзінің бухгалтерлік есебінде көрсетпейді, бірақ бұның салдарынан олардың айқындылығы азаймайды.

*Айқын емес шығындар* – фирма иелеріне тиесілі қорларды пайдаланудың альтернативтік шығындары. Әдетте фирмалар оларды өзінің бухгалтерлік есебінде көрсетпейді, бірақ бұның салдарынан олардың айқындылығы азаймайды. Айқын және айқын емес шығындар арасындағы айырмашылықтың болуы «кіріс» ұғымын түсіну үшін қажет.

## §2. Кіріс және оның түрлері.

Кіріс экономикалық категория ретінде, кәсіпкерлік қызмет үрдісі кезінде материалдық өндіріс саласында жасалған таза кірісті көрсетеді.

Кіріс келесі функцияларды атқарады:

- 1) кәсіпорын қызметі нәтижесінде алынған экономикалық нәтижені сипаттайды;
- 2) кәсіпкерлік қызметті ынталандырады;
- 3) әртүрлі деңгейдегі бюджеттерді қалыптастырудың көздерінің бірі болып табылады.

Кіріс түрлері:

1. Баланстық кіріс — келесілерден тұрады:



а) өткізілген өнімнен, орындалған жұмыстардан, көрсетілген қызметтерден түсетін кіріс (түскен түсім мен өзіндік құн арасындағы айырмашылық);

б) кәсіпорының негізгі қорлары мен басқа да мүліктерін өткізуден түсетін кіріс;

в) өткізуден тыс операциялардан түсетін кіріс: басқа кәсіпорындардың қысметіне іскерлік қатысудан түсетін кіріс; құнды қағаздардан және т.б. түсетін кіріс.

2. Салық салынатын кіріс — кіріске салынатын салықты есептеуге арналған есептік база.

3. Таза кіріс — салықтарды және басқа да төлемдерді төлегеннен кейін кәсіпорының құзыретінде болатын кіріс.

Одан кәсіпорында жинақтау қоры мен тұтыну қоры қалыптасады.

Жинақтау қоры – капиталдық салымдарға, айналым қаржысының өсуі мен толығына және т.б. жұмсалатын шығындар.

Тұтыну қоры – сый ақыларды, айналым қаржысының өсуі мен толығына және т.б. жұмсалатын шығындар.

4. *Экономикалық кіріс* – бұл фирманың түскен түсімдері (тұтас кіріс) және оның шығындары (айқын және айқын емес) арасындағы айырмашылық.

Бизнес әлемінде «кіріс» термині тұтас кіріс пен айқын шығындардың айырмашылықтарын көрсету үшін жиі қолданылады. Экономисттер бұндай кірісті *бухгалтерлік деп атайды*.

5. *Қалыпты кіріс*. Экономикалық кіріс нөлге тең болған кезде кәсіпкерлер алатын қалыпты кіріс ұғымын қолдануға тура келеді. Қалыпты кіріс, олардың жақсырақ альтернативті қолдану кезінде өзінің иесіне кейбір қорларды әкелетін кірісті білдіреді. Ол айқын емес шығындар элементі болып табылады.

### §3. *Маркетинг. Негізгі ұғымдар.*

Маркетинг (marketing – нарық бөлімі) XIX-XX ғасырлар тоғысында АҚШ-та ірі кәсіпорындардың өндірілген өнімдерін өткізумен байланысты туындаған сату мәселелерін қолданбалы зерттеу түрінде пайда болды. Маркетинг – өндіріс пен сатуды дамытудың мақсаттары, міндеттері мен әдістеріне менеджерлер көзқарасының көпжылғы нәтижесі.

Маркетинг кең ұғымда – тұтынушыға бағытталған нарық жағдайларында шаруашылықты жүргізудің белгілі бір философиясы.

Әдебиеттерде маркетингке көптеген әртүрлі анықтамалар берілген. Біздің көзқарасымыз бойынша келесілер сәтті болып табылады:

- маркетинг – бұл сұранысты басқару;
- маркетинг – айырбас арқылы қажеттіліктер мен мұқтаждықтарды қанағаттандыруға бағытталған адамдық қызметтің түрі;
- маркетинг – бұл кәсіпорынға пайдалы клиентураны жаулап алуға, ал кейіннен сақтап қалуға мүмкіндік беретін іс-шаралардың жүйесі және техникалық тәсілдердің жиынтығы.

Маркетинг негізінде келесі ұғымдар жатыр: қажеттілік, сұраныс, тауар, баға, нарық.

Маркетинг келесі принциптерге жүктеледі:

- 1) тұтынушыға қажеттіні өндіру;
- 2) нарыққа тауар мен қызметті ұсынумен емесе, керісінше тұтынушылар мәселесін шешумен шығу;
- 3) қажеттіліктер мен сұраныстарды зерттегеннен кейін тауар өндірісін ұйымдастыру;
- 4) фирманың өндірістік-экспорттық қызметінің соңғы нәтижелеріне қол жеткізуде күшті шоғырландыру;
- 5) алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бағдарламалық-мақсаттық әдістерді және кешенді тәсілдерді қолдану;
- 6) тауардың тұтынушыға қозғалу тізбегінде барлық түйіндерді маркетингпен қамту мақсатында нарық талаптарына біруақытта мақсатты әсер етумен оған тауарлардың белсенді түрде дағдылануының тактикасы мен стратегиясын қолдану;
- 7) кәсіпорын қызметін жедел нәтижеге емес, тауарды нарыққа шығарудың стратегиялық жоспарлау мен болжауды жүзеге асырудың негізінде нәтижелі коммуникациялардың ұзақмерзімді көрінісіне бағдарлау.

Әрекет ету салалары бойынша маркетингтің келесі түрлерін ажыратады:

- тауарлар маркетингісі (тұтынушылық, өндірістік қызметке қажетті тауарлар);

- қызметтер маркетингісі;
- ұйым маркетингісі – ұйымның қолайлы бейнесін жасау және ұстап тұру мақсатында қолданылатын қызмет.
- жеке тұлғаның маркетингісі – нақтылы тұлғаларға қатысты жұртшылықтың тәртібін қалыптастыруға, ұстап тұруға немесе өзгертуге бағытталған қызметі. Мысалы, саяси қызметкерлер өзінің танымалдылығын жоғарылату мақсатында арнайы маркетингіті қолданады.
- орын маркетингісі – мысалы, туристерді демалыс орындарына тарту, тұрғын үй кварталдарын салу мақсатында қолданылатын қызмет.
- ойлар маркетингісі – егілулерді өткізуге, шылым заттарын тартуды, алкоголь сусындарын ішуді қысқартуға және т.б. бағытталған қызмет.

Маркетинг категориялары: мұқтаждық, қажеттілік, тауар, нарық, келісім, сұраныстар, айырбас.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Өндіріс шығындары дегенді қалай түсінесіздер? Сіздер қандай өндіріс шығындарын білесіздер? Мысал келтіріңіздер.
2. Өзіндік құн дегеніміз не? Өзіндік құн мен өндіріс шығындары арасында байланыс бар ма? Өзіндік құн құрамына кіретін шығындар қалай жіктеледі?
3. Кәсіпорын кірістері және олардың пайда болуы, түрлері, кірістерді қалай бөледі?
4. Кәсіпорындағы келесі ситуациялық жағдайды талдаңыздар: Сіз- өндірістегі кәсіпкерсіз. 30 млн. тенге таза пайданы ең тиімді тәсілмен орналастырыңыз. Шешіміңізді негіздеп түсіндірің

### **3 Бөлім Макроэкономикаға кіріспе.**

#### **САБАҚ №12**

#### **Тақырып 3.1 Ұлттық шаруашылықтың циклдік дамуы**

##### Жоспар.

1. *Макроэкономиканың циклдік тербелістері.*
2. *Жұмыссыздық және оның формалары.*
3. *Инфляция. Жалпы ұғым.*

#### **§1. Макроэкономиканың циклдік тербелістері.**

Екі бірдей экономикалық конъютура арасындағы уақыт аралығы экономикалық цикл деп аталады.

Кез-келген цикл келесі принциптер бойынша сипатталады:

- өндірістің тербеліс деңгейінің болуы;
- тербелістер мерзімділігімен және қайталанғыштығымен сипатталады.

Тербелістер – дұрыс динамиканың ауысуы, яғни өндірістің кері динамикамен ұлғаюы.


Экономиканың циклдік даму мәселесін зерттеген экономисттер, экономикалық цикл 4 фазаны қамтиды деген қорытындыға келді:

1. дағдарыс (кұлдырау, рецессия, сығылу);
2. депрессия;
3. тірілу;
4. көтерілу (экспансия).

Цикл құрылымында белсенділіктің жоғарғы (шын) және төменгі нүктелерін және олардың арасында жатқан құлдырау (рецессия) және өрлеу (экспансия) фазаларын ерекшелейді. Өрлеу фазасында ұлттық кіріс жылдан-жылға өседі, жұмыссыздық қысқарады, инвестициялар мен шынайы капитал көлемі артады.

Өрлеу фазасы буммен аяқталады, бұл кезде аса жоғы жұмыс бастылық және өндірістік күш шамадан тыс артады; бағалар деңгейі, жалақы ставкасы және пайыз ставкасы өте жоғары. Бумның қашып құтыла алмайтын салдары дағдарыс болып табылады, ол кезде өндірістің өсуі оның құлдырауымен алмасады. Дағдарыс кезеңінен кейін депрессия басталады. Бұл кезеңде ұлттық кіріс төмендеуін жалғастырады, ал жұмыссыздық арта түседі. Біршама уақыттан кейін депрессия тірілу фазасымен ауысады.

Экономикалық циклдің фазаларын графиг түрінде көрсетуге болады:



1-сурет—Экономикалық циклдың кезеңдері.

Өту жалғасымдылығы бойынша ажыратады:

1. Ұзақ циклдер (Кондратьев циклі), жалғасымдылығы 40-60 жылды құрайды. Бір толқыннан басқасына өту қоғам дамуындағы нағыз революциялық төңкерісті білдіреді. Ол білім беру саласында, өндірістің техникалық базасының өзгеруімен сипатталады.
2. Орташа циклдер (өнеркәсіптік циклдер), жалғасымдылығы 8-12 жыл. Оның себептері өндіріс саласында негізгі капиталдың жаңаруы болып табылады.

3. Қысқа мерзімді циклдер (Китчин циклі) – берілген циклдердің жалғасымдылығы 2-4 жылды құрайды. Қысқа циклдер тұтыну нарығында тепе-теңдікті қалпына келтірумен байланысты.

## §2. Жұмыссыздық және оның формалары.

Жұмыссыздық – бұл еңбек ұсынысы еңбекке деген сұраныстан артық болғанда, еңбек нарығында жұмыс күшінің белгілі бір бөлігінің қажет болмауына негізделген, әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Ол циклдік, фрикциялық және құрылымдық формада дамиды. *Циклдық жұмыссыздық* – бұл өндірістің төмендеуімен және жоғарылауымен байланысты туындайды. *Фрикциондық жұмыссыздық* еңбек ұсынысындағы өзгерістермен байланысты. *Құрылымдық жұмыссыздық* жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысы құрылымының сәйкес келмеуінен пайда болады.

Экономистер сондай-ақ фрикциялық және құрылымдық жұмыссыздықты қамтитын табиғи жұмыссыздықты ерекшелейді. **Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі** – бұл толық жұмыспен қамтылу жағдайындағы жұмыссыздық деңгейі (яғни циклдық жұмыссыздық болмағанда).

Жиынтық жұмыс күші мемлекет халқының бір бөлігін құрайды. Мемлекеттің барлық халқы екі топқа жіктеледі:

- 1) 16 жасқа толмаған тұлғалар, сондай-ақ арнайы мекемедегілер (психиаторлық ауруханадағылар, жөндеу мекемесіндегілер және т.б.);
- 2) жұмыс күші құрамынан шығып қалған тұлғалар, жұмыс істеу мүмкіндіктері бар, бірақ кейбір себептерден жұмыс істемейтін және жұмыс іздейтін тұлғалар (үй шаруасындағы әйелдер, үйде істеушілер, оқушылар, зейнеткерлер және т.б.).

Демек, жиынтық жұмыс күшіне тек жұмыс істейтіндер ғана емес, сондай-ақ жұмыс істегісі келетін және жұмысты белсенді түрде іздейтін жұмыссыздар да кіреді. Жұмыссыздық формаларын талдаудың логикалық жалғасы оның құрылымын келесі белгілер бойынша сипаттау болып табылады:

1. жыныс бойынша, әлеуметтік тұрғыдан ең аз қорғалатын жұмыссыз әйелдерді ерекшелеумен;
2. әлеуметтік топтар бойынша;
3. білім деңгейі бойынша;

Жұмыссыздық деңгейін өлшеу үшін: жұмыссыздық деңгейі көрсеткішін қолданады.

$J_d = (\text{жұмыссыздар саны} / \text{жұмыс күші}) * 100$ .

Жұмыс күшінің көрсеткіштерін барлық халық санынан 16-жасқа дейінгі тұлғаларды, арнайы мекемелердегілерді, зейнеткерлерді, студенттерді, үй шаруасындағы әйелдерді алып тастап есептеуге болады.

### §3. Инфляция. Жалпы ұғым.

Инфляция – бұл жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс, ақша массасы мен тауар массасының арасындағы сәйкессіздіктің нәтижесі. Қарама-қарсы инфляция үрдісі *дефляция* деп аталады, ал инфляция темпінің баяулауы – *дезинфляция* деп аталады.

Инфляция себептері көптүрлі: ақшалай сұраныстың тауар массасына сәйкес келмеуі; мемлекеттік бюджеттің тапшылығы; еңбек өнімділігінің өсуімен салыстырғанда жалақының өсуін басып озатын шамадан тыс инвестиция және т.б. Олар ұлттық экономика құрылымының деформациясынан пайда болған *ішкі* және *сыртқы* (соғыстар, революциялар, табиғи катаклизмалар) да бола алады.

Бағалардың өсу қарқынына байланысты өте баяу (1 % -ден 10 %-ға дейін), шоқырақтаған (10 %-дан 200 % дейін) және *гиперинфляцияны* (200 % жоғары) ажыратады. Бөлудің берілген критерийлері айтарлықтай шартты. Экономиканы мемлекеттік реттеудің тереңдігіне байланысты инфляция анық (еркін бағалар жағдайында) немесе жасырын (тауар тапшылығы кезінде) формада өтуі мүмкін.

Инфляциядан болатын шығындар халық үшін олар болжалынатын немесе болжанбайтын болуына байланысты. Болжанатын инфляция өзінің пайда болуына дейін адамдардың дайындығымен ескеріледі, сондықтан оған халық белгілі бір шамада дайын болады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:** 1. Экономикалық теорияда экономикалық цикл дегеніміз не? Экономикалық цикл қандай фазалардан тұрады? Әр фазаға негізгі сипаттамалары? Егер сізде таңдау болса, экономикалық циклдың қай фазасында өмір сүрер едіңіз және неге?  
2. Әлеуметтік-экономикалық көріністердің бірі жұмыссыздыққа баға беріңіз. Оның пайда болу себептерін, жұмыссыздық салдарын және жұмыссыздықпен күресу жолдарын көрсетіңіздер.  
3. Өндірістік жағдайды қарастырыңыздар: Сіз өндірістік кәсіпорын иесісіз. Экономикалық кризистің өсу жағдайында сіз өз жұмысшыларыңызды мүмкін жұмыссыздықта қорғау үшін не істейсіз? Өзіңіздің іс-шара жоспарыңызды ұсыныңыз.  
4. Әлеуметтік-экономикалық көріністердің бірі инфляцияға баға беріңіз. Инфляцияның пайда болу себептерін, салдарын және инфляцимен күресу жолдарын көрсетіңіздер.

### САБАҚ № 13

#### Тақырып 3.2 «Ұлттық шаруашылықтың экономикалық өсімі».

##### Жоспар.

1. Макроэкономиканың мәні.
2. Ұлттық есеп жүйелері.
3. Ұлттық байлық.

**§1. Макроэкономиканың мәні.** Макроэкономика — бұл мемлекеттің біртұтас экономикасы туралы ғылым. Ол экономикалық жүйенің барлық қатысушыларының агрегирленген іс-әрекетін зерттейді. Макроэкономика дербес ғылым саласы ретінде ХХ ғ. 30-жылдары қалыптаса бастады. Дж. М. Кейнс макроэкономика негізін қалады.

Макроэкономика нақтылы мақсаттарды көздейді және сәйкес құрал-жабдықтарды қолданады:

- 1) ұлттық өндірістің жоғары және өрлеу деңгейі;
- 2) кішігірім мәжбүрлі жұмыссыздық кезінде жоғары жұмыс бастылық;
- 3) еркін нарықта сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттестігі жолымен бағалар мен жалақыны анықтаумен байланыста бағалардың тұрақты деңгейі.
- 4) төлем балансының нөлдік сальдосына қол жеткізу.

Ұлттық экономикаға әсер етудің макроэкономикалық құралдары:

- салықтық-бюджеттік саясат;
- ақшалай-несиелік саясат;
- кірістер саясаты;
- сыртқы экономикалық саясат болып табылады.

Ұлттық экономика – бұл салалық және территориялық құрылымға ие күрделі экономикалық жүйе. Кез-келген мемлекеттің ұлттық экономикасы салалық принцип бойынша бөлінуі мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда ол екі ірі саланы қамтиды:

1. материалдық өндіріс саласы;
2. әлеуметтік сала.

## **§2. Ұлттық есеп жүйелері.**

Мемлекеттің экономикалық қызметі әр белгілі бір кезеңде ұлттық экономиканың келесі аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің көмегімен өлшенеді:

- жалпы ішкі өнім (ЖІӨ);
- жалпы ұлттық өнім (ЖҰП);
- таза ұлттық өнім (ТҰӨ);
- ұлттық кіріс (ҰК);
- азаматтардың жеке кірісі (ЖК) және т.б.

Жалпы ішкі өнім жалпы қоғамдық өнімнің бөлігі болып табылады. Жалпы қоғамдық өнім (ЖҚӨ) материалдық өндіріс саласында, олардың өткізу жүзеге асатындығына немесе жүзеге аспайтындығына қарамастан жыл бойында өндірілген игіліктер сомасы ретінде есептеп

шығарылады. Ол өзіне басқа өнімді өндіруде қолданылатын аралық өнімдерді және соңғыларды қамтиды (мысалы, үй жағдайында кешкі асты дайындауға арналған бал, жеке тұтынуға қажетті көлік және т.б.). Егер жалпы қоғамдық өнімнен аралық өнімді алып тастар болсақ, онда алынған қалдық ЖІӨ немесе ЖҰП формасын қабылдайтын соңғы жалпы өнімді білдіреді. ЖІӨ-ге бұдан бұрынғы кезеңде өндірілген тауарлар мен қызметтер; тауарларды қайта сату; қаржылық операциялар бойынша қызметтер (ауыстырылатын және биржалық); көлеңкелі экономикада және үй жағдайында өндірілетін тауарлардың құны енбейді.

Жалпы ұлттық өнім – берілген мемлекеттің және мемлекет ішінде ғана емес, шет елде тұратын азаматтың жеке меншігі болып табылатын, өндіріс факторларының есебінен жасалған соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнның білдіретін макроэкономикалық көрсеткіш. Жабық экономикада ЖІӨ ЖҰӨ-ге тең. Ашық экономикада ЖҰӨ ЖІӨ-нен шет елден таза факторлық кірістердің (ТФК) көлемімен ерекшеленеді. Шет елден таза факторлық кірістер – берілген мемлекеттің шет елдегі азаматтарымен алынған кірістер және берілген мемлекеттегі шет ел азаматтарының алған кірістері арасындағы айырмашылық.

ЖІӨ (ЖҰӨ) өлшеу үшін екі тәсілді қолданады:

- 1) берілген жылы өндірілген тауарлар мен қызметтерге жұмсаған *қоғамның барлық шығындарын қосу*;
- 2) осы жылы өнімді өндіру мен сату нәтижесінде алынған ақшалай кірісті қосу;

Ұлттық есеп жүйесінде кіріс сомасы бойынша есептелген ЖІӨ шығындар сомасы бойынша есептелген ЖІӨ тең болу керек.

Таза ұлттық өнім (ТҰӨ) - жабдықтарды есептен шығарғаннан кейін тұтынуға қалған соңғы өнімдер мен қызметтердің сомасын білдіреді.  $T\ddot{U}\ddot{O} = J\ddot{U}\ddot{O} - \text{амортизациялық аударылымдар}$ .

Ұлттық кіріс (ҰК) қоғамның таза кірісін немесе мемлекеттің бүкіл халқының факторлық кірістерінің сомасын сипаттайды. Ол ТҰӨ-нен жанама салық сомасына (акциздер, кеден салығы, қосылған құн мен сатылымға салық) кіші.

Жеке кіріс (ЖК) – ұлттық кірістен халықтың сақтандырудың әлеуметтік жүйесіне, корпорация кірісінің салықтарына, корпорацияның таралмаған кірісіне және трансферлік төлемдерге (зейнетақы, жәрдем ақы, стипендия) салымдарын ұлттық кірістен алып тастағаннан кейінгі халықтың шынайы алатын кіріс сомасы.

## **§3. Ұлттық байлық.**

Ұлттық байлық қандай да бір мемлекет дамуының экономикалық дамуын бейнелейтін, жалпылаушы, нәтижелі көрсеткіштердің санына жатады.

Ұлттық байлық – бұл осы сәтте бүкіл қоғамның меншігінде болатын, материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Ұлттық байлықтың құрамына енеді:

- негізгі өндірістік және өндірістік емес қорлар;

- өндірістік айналым қорлары;
- материалдық резервтер және сақтандыру қорлары;
- айналым қорлары;
- халық мүлігі.

Ұлттық байлықтың құрамына сонымен қатар негізгі жерлер, ормандар, әдетте натуралды шамамен есепке алынатын, барланған табиғи ресурстар енеді.

Құрамы бойынша ұлттық байлықты екі топқа бөлуге болады: ұлттық мүлік және табиғи ресурстар.

Бүкіл ұрпақтар өмірінің алдыңғы кезеңіндегі адамдардың жинақтаған еңбегі көрініс тапқан, елдің заттай материалдық игіліктерінің жиынтығы ұлттық байлықты құрайды.

Табиғи ресурстар елдің табиғи байлықтарын қамтиды. Сонымен қатар ұлттық байлықтың құрамына тек барланған, есепке алынған және өндіріс үрдісіне тартылған табиғи ресурстардың қорлары жатқызылады: пайдалы қазбалар, ормандар, су, гидроэнергоресурстар, жер аудандары және т.б.

Сонымен қатар, ел ескерткіштері, сәулет ғимараттары, картиналық галереялар, мұражай экспонаттары және т.с.с., елдің алмас және валюта қорлары ұлттық байлық болып табылады.

Ұлттық байлықтың элементі халық мүлігі болып табылады

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Макроэкономиканың негізгі көрсеткіштеріне сипаттама беріңіздер. ЖІӨ және ЖҰӨ макроэкономикалық көрсеткіштерінің мәні және айырмашылықтары.
2. Экономикалық өсім сөз тіркесін түсіндіріңіздер. Сіздер қалай ойлайсызда мемлекет экономикалық өсімге жетуге тырысуы керек пе? Егер иә, болса қандай ресурстардың көмегімен?
3. Экономикалық өсімнің экстенсивті типіне мінездеме беріңіздер. Ол қалай жүзеге асырылады? Экономикалық өсімнің экстенсивті типіне шексіз жүгінуге бола ма?
4. Экономикалық өсімнің интенсивті типі қалай жүзеге асады? Бұл тип үшін қандай өндірістік факторлар қажет? Мысал келтіріңіздер.

### **САБАҚ № 14**

#### **Тақырып 3.3: Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу**

##### Жоспар.

1. *Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні мен қажеттілігі.*
2. *Фискальдық саясат және мемлекеттік бюджет.*
3. *Ақшалай кредиттік саясат.*
4. *Мемлекеттің әлеуметтік саясаты.*

#### **§1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні мен қажеттілігі.**

Экономиканы дамуға мемлекет аса маңызды рөл ойнайды. Ол нарықтық механизмге тән кемшіліктерді түзетуге бағытталады. Нарық өндірілмейтін қорларды сақтау және қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдеспейді, ұжымдық тұтыну тауарлары (кітапхана, мұражай және т.б.) мен қызметтерін іске асыруға ынталандырмайды, еңбек пен кіріс құқығына кепілдеме бермейді, фундаментальдық зерттеудердің мақсатты түрде дамытуын қамтамасыз етпейді және т.б.

Қазақстан экономиканы реформалау жолының басында. Ол нарықтық жүйені қалыптастыру мен қолданудың айтарлықтай өзіндік тәжірибесі жоқ. Сондықтан әртүрлі елдердің мемлекеттің реттеуінің тәжірибесін зерттеу көптеген қателіктердің қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің рөлі оның функциялары арқылы көрінеді:

- экономикалық шешімдер қабылдау үшін құқықтық негізді жасау. Ол қауіпсіз тауарларды жасауға бағытталған жеке меншік құқықтарын анықтайтын, кәсіпкерлік қызметті реттейтін және т.б. заңдарды жасайды және қабылдайды.
- кіріс пен байлықты қайта бөлу. Ол жеке сектор айналысатын тауарлар мен қызметтер өндірісін ұйымдастырады, сақтануға, сыртқы саясатқа жұмсалатын шығындарды анықтайды, білім беруді, денсаулық сақтауды дамыту бағдарламаларын қалыптастырады;

- әлеуметтік қорғаныс пен әлеуметтік кепілдемелерді қамтамасыз ету. Мемлекет жалақының, кәрілік бойынша зейнетақының, мүгедектік, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, халықтың кедей топтарына әртүрлі жәрдемақылардың минимумына кепілдеме береді, бағалардың өсуімен байланысты кірістердің индексациясын жүзеге асырады;
- экономиканың тұрақтануы.

Өкімет, бюджеттік-салық және қаржы саясатын қолдана отырып, дағдарыс құбылыстарын, өндірістің құлдырауын, жұмыссыздықты төмендетуді, инфляциялық үрдістерді төмендетуге тырысады.

Нарық жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу (ЭМР) жалпы экономикалық жүйенің тепе-теңдікте өсуіне қол жеткізу мақсатында микро- және макроэкономикалық реттеушілердің көмегімен объектілерге мақсатты түрде құрылымдастыру үрдісі.

*ЭМР объектілері* – бұл мемлекеттің араласуын қажет ететін мәселелер туындаған салалар, аймақтар, сондай-ақ үрдістер, жағдайлар мен құбылыстар. Негізгі объектілер – бұл экономикалық цикл, шаруашылықтың аймақтық және салалық құрылымдары, ақша айналымы, төлем балансы, бағалар, бәсекелестік жағдайлары, әлеуметтік қатынастар, қоршаған орта, сыртқы экономикалық байланыстар.

*Реттеудің субъектілері* ретінде орталық (федерациялық), аймақтық, муниципалдық басқару мекемелері болып табылады.

*Реттеудің әдістері* тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей реттеулерге құқықтық, әкімшілік және кейбір экономикалық құралдар жатады.

Құқықтық реттеу өндіруші және тұтынушы фирмалар үшін «экономикалық ойын» ережелерін орнатудан тұрады. Реттеудің заңнамалық формасының үлгісі ретінде антимонополиялық заңнама, «Тұтынушылар құқығын қорғау тұралы заң» және т.б. болып табылады.

Әкімшілік құралдар басқару-бөлу қатынастарына негізделеді және қорғану шараларын, рұқсат беру мен мәжбүрлеу шараларын қамтиды. Мысалы, билік қоршаған ортаны қорғай отырып, жаңа өнеркәсіптік құрылыстарға лицензия беруді қысқартады. Африканың бір мемлекетінде үкімет ұлттық саябақтың біреуін ұйымдастырушылық туризм мақсатында қолдануға рұқсат берді.

Мәжбүрлеу шараларына биліктің өнеркәсіптік кәсіпорындарға тазарту құрылыстарын орнату, жастарға жұмыс орындарын жасауға және т.б. міндеттеуін жатқызуға болады.

Жанама әдістерге ынталандырумен байланысты экономикалық қаражат және кейбір экономикалық емес, мысалы, сендіру құралдары жатады. Бірқатар жағдайларда үкімет халыққа шығындарға ұстамды болуға, отандық тауарларды көбірек сатып алуға, мемлекеттік займ облигацияларын сатып алуға үндеу жасайды. Осындай үндеулер көп жағдайда ынталандырушы шаралармен қатар жүреді. Мемлекеттік реттеудің экономикалық құралдары фискальдық және ақшалай-несиелік саясат құралдарына бөлінеді.

## **§2. Фискальдық саясат және мемлекеттік бюджет.**

Тікелей және жанама мемлекеттік шаруашылық реттеу фискальдық саясат құралдарымен жүзеге асады. *Фискальдық саясат* астарынада мемлекеттік шығындар мен жиынтықта салықтар саласындағы шешімдер тұспалданады. Мемлекеттік шығындарды жүзеге асыру мемлекеттік бюджет қаражатын қолдану денегді білдіреді, ал салық оны толықтырудың негізгі көзі болып табылады, онда фискальдық саясат мемлекеттік бюджетті манипуляциялауға апарады.

*Мемлекеттік бюджет* – мемлекеттің шығындардың және оларды қаржылау жабудың жылдық жоспары. Ол екі бөліктен тұрады: кірістер мен шығындар. Кірістер салықтық және салықтан тыс түсімдерден қалыптасады. Салықтан түсетін кіріс шамамен 75-85% құрайды. Салықтан тыс түсімдер – бұл мемлекеттік меншіктен, мемлекеттік саудадан түсетін кіріс. Кейбір елдерде кірістердің бөлігі әлеуметтік сақтандырудың, зейнетақының, жұмыссыздықтан сақтандырудың мемлекеттік қорларына салымдар түрінде түседі.

## **§3. Ақша-несие саясаты.**

АНС – бұл ақша айналымы және несиелік саласында мемлекеттік іс-шаралардың жиынтығы.

Ақша айналымы қолма-қол (ақша, банкнот) және ақшасыз есеп айырысудан (банк есебіндегі қаржы, депозит сертификаттары және мемлекеттік құнды қағаздар) тұрады.

Несие – қайтару, өтеу және жеделдік шартында жеке меншік иесінен заемшыға ақшаның қозғалысы.

Ақша-несие саясаты несиені және ақша эмиссиясын (несие эмиссиясы) ынталандыруға, немесе оларды ұстап тұруға және шектеуге (несиелік рестрикция) бағытталады. Өндірістің төмендеу және жұмыссыздықтың ұлғаюы жағдайында орталық банктер несиені кеңейту және пайыз нормасын төмендету жолымен конъюнктураны тірілтуге тырысады.

#### §4. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты— азаматтардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бағытталған әлеуметтік шаралардың жиынтығы. Мемлекеттің әлеуметтік саясатында басты тізбекті халықтың кірісін қалыптастыру саясаты алады, өйткені халықтың өмір сүру деңгейі көп жағдайда мемлекет азаматтарымен алынатын кірістерге тәуелді болады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:** 1. Не себепті нарықтық экономикада қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірін мемлекеттік реттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады?

Егер мемлекет өзінің осы қызметінен бас тартса, не болады?

2. Мемлекеттің фискальдық саясаты туралы не білесіз? Мемлекеттік бюджет дегеніміз не және ол не үшін құрылады? Бюджеттің кіріс бөлімі қалай қалыптасады?

3. Егер сіз мемлекеттің бюджет қаражаттарын бөлуге қатысуға мүмкіндігіңіз болса, қаражаттарды қай бағытқа көбірек бөлер едіңіз? Өзіңіздің бюджет қаражаттарын бөлу бағдарламаңызды ұсыныңыз және негіздеңіз.

4. Мемлекеттің жүзеге асырып отырған әлеуметтік саясаты мен қоғамның әл-ауқатының жоғарлауы арасындағы байланыстылыққа тоқталыңыз. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мемлекеттің әлеуметтік саясатының қандай бағыттарын қолдайсыздар немесе қандай бағыттарына өзгерістер енгізер едіңіздер

### **4 Бөлім Әлем экономикасының негіздері**

#### **САБАҚ №15**

#### **Тақырып 4.1 «Бүкіл әлем экономикасы және әлем нарығы Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық мәселелер».**

Жоспар.

1. Әлемдік сауда.

2. Еңбектің Халықаралық бөлінісі.

3. Капиталдың миграциясы.

4. Жұмыс күшінің миграциясы.

5. Дүниежүзілік валюталық жүйе.

#### **§1. Әлемдік сауда.**

Халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формалары дүниежүзілік сауда, капиталдардың және жұмыс күшінің миграциясы, валюталық ынтымақтастық.

Дүниежүзілік сауда тауарлар мен қызметтерді мемлекет шекарасына тыс шығаруды қарастырады. Ол мамандану мен айырбасқа әкеп соғады. Мамандану және айырбас өмір сүру деңгейін екі тәсіл арқылы жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, сауданың көмегімен әртүрлі елдерде шығындардағы айымшылықтардан кіріс алынады. Бұндай кіріс технологиялардағы айырмашылықтардан, шикізат немесе басқа да өндірістік факторлардың қол жетімділігінің әртүрлі дәрежесінен шығады. Осындай кірісті сипаттаған алғашқы экономист А.Смит болды. Ол әрбір мемлекет өзі абсолюттік басымдылыққа ие бола алатын тауар өндірісіне мамандану қажет деп сендірді. Д.Рикардо осы ойды жалғастыра отырып, салыстырмалы басымдылық принципін қалыптастырды: тауар өндірісіне маманданған мемлекеттер, басқа елдермен салыстырғанда өте аз шығындармен жасай алатын тауарларды өндіру керек.

Екіншіден, сауданың көмегімен масштабтан эконом жасау, яғни өнімді шығаруды ұлғайту есебінен шығындарды төмендету жеңіл.

#### **§2. Еңбектің халықаралық бөлінісі.**

Ұлттық шаруашылықтар мен олардың арасындағы байланыс негізінде қалыптасқан дүниежүзілік шаруашылық негізінде, мемлекеттер айырбасқа салатын белгілі бір өнім түрлерінде жеке елдердің өндірісін мамандандыруды қарастыратын еңбектің халықаралық бөлінісі (ЕХБ) жатыр. Ол дүниежүзілік шаруашылықтың әртүрлі даму кезеңдерінде әртүрлі мәндері бар келесі



факторлерге негізделеді. мемлекеттер арасындағы табиға-географиялық айырмашылықтар, атмосфералық-климаттық жағдайлар, пайдалы қазбалардың қорлары, топырақ құнарлылығы, территория көлемі, халық саны, ғылыми-техникалық революция және т.б.

Тауар айналымы құрылымында және негізгі сыртқы сауда ағымдарының бағыттарында үздіксіз қозғалыстар болып жатады, ол дүниежүзілік нарықта әртүрлі мемлекеттердің қалпын өзгертеді. Олар шикізат тауарларының үлес салмағы қысқарып, жоғарытехнологиялық тауарлар үлесінің артуымен сипатталады; қызмет көрсету саудасы нығаюда: көліктік, туристік, қаржылық.

### §3. Капиталдың миграциясы.

Капиталдың *миграциясы* (шығару) – жеке меншік иесіне кіріс әкелетін қаржыны шет елге орналастыру. Бұл үрдіске бірқатар себептер әсер етеді:

- капиталды шығарылатын мемлекеттен қайта жинақтау;
- дүниежүзілік шаруашылықтың әртүрлі тізбектерінде капиталға деген сұраныс пен оның ұсыныстарының сәйкес келмеуі;
- ол экспортқа шығарылатын елдерде аса арзан шикізат пен жұмыс күштерінің болуы;
- өндірісті интернационалдандыру;

Капитал келесі формада шығарылады:

- жеке немесе мемлекеттік формада;
- тауар немесе ақшалай формада. Осылайша, капиталды шығару машиналар мен жабдықтардың, серіктестердің, ноу-хау орын ауыстыруы, егер олар шет елге, онда фирманың жасайтын немесе сатып алатын жарғы капиталына үлес ретінде шығарылатын болса:
  - қысқа (әдетте бір жылға дейінгі мерзім) және ұзақ мерзімді формаларда;
  - кәсіпкерлік және ссудалық формаларда.

Кәсіпкерлік капиталды шығару тікелей және портфельдік инвестициялар түрінде жүзеге асады. *Тікелей инвестициялар* жұмсалған капиталға толығымен иелік ету салдарынан, сондай-ақ акциялардың негізгі пакетіне ие бола отырып, шетелдік капитал салымдары объектілерін толық бақылауды қамтамасыз етеді. *Портфельдік инвестициялар* шет ел кәсіпорындарының акцияларын, жеке меншік немесе бақылау құқығын қамтамасыз етпейтін көлемде сатып алудан түзіледі. Ссудалық формадағы капитал өзінің иесіне негізінен салымдар, қарыздар және несие бойынша пайыздар түрінде кіріс әкеледі.

### §4. Жұмыс күшінің миграциясы

*Жұмыс күшінің халықаралық миграциясы еңбек қорларының бір елден екінші елге, өзі орналасқан елмен салыстырғанда, аса тиімді жағдайларда жұмысқа орналасу мақсатында еңбек қорларының орын ауыстыру үрдісін білдіреді. Жұмыс күшінің миграциясы үш ұғымда көрінеді:*

- эмиграция (мемлекеттен тұрақты өмір сүру орнына кету);
- иммиграция (мемлекетке тұрақты өмір сүру орнына келу);
- репатриация (бұрын кетіп қалған азаматтардың туған мемлекетіне оралуы).

Шет елдік жұмысшылар мен мамандарды тартудың орталықтары соңғы жылдары АҚШ, Германия, Израиль, Қиыр Шығыстың және Персия шығанағының мұнай өндіруші мемлекеттері болды.

Халықаралық экономикалық қатынастардың даму шамасы бойынша дүниежүзілік валюталық жүйе пайда болады, ол мемлекеттер, ұйымдар, фирмалар және азаматтар арасында есептеудерді жүзеге асыруға көмектеседі.

Халықаралық есептеулер үрдісінде пайда болатын қатынастардың барлық кешені өзінің байытылған көрінісін төлем баланстарынан табады.

### §5. Дүниежүзілік валюта жүйесі.

Қазіргі жағдайларда дүниежүзілік валюталық жүйе, алтын резервтерін; валюталардың өзара айналдыру жағдайларын, валюталық теңдестік және курстар механизмдерін; валюталық шектеулер көлемін, халықаралық есептеу формаларын, халықаралық валюта нарығының режимдерін және алтынның дүниежүзілік нарығын қоса отырып ұлттық валюталар мен ұжымдық резервтік қорларды қамтиды.

Қазіргі валюталық жүйе – бұл, негізінен, көп валюталы нарықтық стандарт.

Валюта — бұл:

- мемлекеттің ақшалай бірлігін және оның типін (алтын, күміс, қағаз);

- шет ел мемлекеттерінің ақша белгілерін, сондай-ақ шет елдік ақша бірліктеріндегі айналым мен төлемдердің несиелік қаржысын;
- халықаралық есептеу бірліктерін және төлем қаржысын (ЕВРО, пайдаланудың арнайы құқықтары) қамтитын терең ұғым.

Ұлттық экономика үшін ұлттық валютаның конверсиялануы үлкен мәнге ие. Валютаның конверсиялануы – бұл берілген мемлекет валютасының басқа елдердің валютасына кез-келген формада және операцияның барлық түрлерінде шектеусіз еркін айырбасы. Конверсиялау тұрғысынан барлық валюталарды үш топқа бөледі: еркін конверсияланатын валюталар, жартылай конверсияланатын (жеке салалар бойынша валюта айырбасына сандық шектеулер болады) және конверсияланбайтын валюталар.

Валюталық келісімдер жүзеге асатын нарықта, валюта валюталық курс бойынша сатылады. Валюталық курс – басқа мемлекеттердің ақша бірліктерінде көрінетін бір мемлекеттің ақша бірлігінің бағасы. Шет елдік валютада ұлттық ақша бірлігі курсы қалыптастыру үрдісі валюталық котировка деп аталады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:** 1. Халықаралық экономикалық қатынастың негізін қалаушы әлемдік сауда екендігіне мінездеме беріңіздер. Әлем саудасын ұйымдастыруда қандай өзгерістер бар (протекционизм, классикалық мектептегі салыстырмалы артықшылықтар принципі және қазіргі әлемдік сауда)?

2. Неге халықаралық экономикалық қатынастардың дамуында халықаралық еңбек бөлінісі маңызды болып саналады? Қазіргі халықаралық еңбек бөлінісі туралы не білесіз? Халықаралық еңбек бөлінісінде Қазақстан нешінші орында?

3. Халықаралық жұмыс күші миграциясы туралы не білесіздер? Сіздер қалай ойлайсыздар, неге адамдар еңбек мигранттары болуға мәжбүр? Еңбек мигранттары қандай қиындықтарға жолығады?

4. Әлемдік валюта жүйесі тураплы айтыңыздар.

## **САБАҚ №16.**

### *Тақырып 4.2 «Жасыл экономика»*

#### Жоспар.

#### **1. ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ТУРАЛЫ**

#### **2. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өту тұжырымдамасы**

**1. ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ТУРАЛЫ** Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті: - «Жасыл» энергетикаға көшу, «жасыл» технологияларды енгізу – бұл ғаламдық экономиканың дамушы векторы. Қазақстан көмірсутектерін қоса алғанда, біздің жер қойнауларымызда орасан табиғи байлықтардың болуына қарамастан, қалпына келтірілетін энергия көздерін белсенді түрде дамыту ниетінде. Біздің «2050-Стратегиямызда» осындай міндеттер қойылды. Біз жыл сайын «жасыл жаңғыртуға» ұлттық ЖІӨ-нің 2%-ы көлемінде қаражат инвестициялауды ойластырамыз. Осының барлығын біз «жасыл» экономикаға көшу Тұжырымдамасында көрсеттік және қабылдадық. - Заң шығарушы жұмысының маңызды аспекті – қалпына келтірілетін энергетикаға негізделген, «жасыл» экономикаға көшу үшін құқықтық жағдайлар жасау. Біздің «Жасыл көпір» ғаламдық бастамамыздың мәні осында, сондықтан энергетикалық және су ресурстарын үнемдеуді, жасыл технологияларды және экологиялық туризмді пайдалануды заңнамалық ынталандыруды кеңейту қажет... Қазір елдерде жасыл экономиканы қолданусыз ешқандай индустрияландыру және инновациялар болмақ емес. **ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДА** Жасыл даму қағидаты ҚР Жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында (ЖИИД МБ) негізделген. 2010 жылы жасыл өсуге арналған, 2010-2014 жылдарға «Жасыл даму» салалық бағдарламасы қабылданды. 2012 жылдан бастап GGGI Оңтүстік Корея жасыл даму халықаралық институты орындайтын, Қазақстанның жасыл

экономикаға көшуін дайындау туралы Үкімет және БҰҰДБ жобасы іске асырылуда. Қазақстан Президентінің Жарлығымен оның негізіне «Жасыл даму» қағидаты алынған, Қазақстан Республикасын дамытудың 2020 дейінгі Стратегиялық жоспары бекітілді. Жоспар ресурс сақтау, энергия тиімділігі және энергияның қалпына келтірілетін көздерін енгізу жүйесін құруды көздейді.

2.«Жасыл экономика» еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. «Жасыл экономикаға» көшу Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде қойылған мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін көтеру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеру болып табылады.

«Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру кезеңдері:

Экономиканың ресурстық секторларында активтерді жаңарту циклі біршама уақыт алады, ал экономикасы табиғи пайдалы қазбаларды өндіруге бағдарланған елдерде таза экономикаға көшуге ондаған жылдар жұмсалады.

Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан да одан тыс қалмайды. Осыған байланысты «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңмен жүзеге асырылады:

2013-2020 – осы кезеңде мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру болады;

2020-2030 – қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергетика технологияларын дамытуды көтермелеп, ынталандыруға және оны кеңінен пайдалануға, сондай-ақ құрылыстарды энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында салуға бағдарланған ұлттық экономиканы жаңарту басталады;

2030-2050 – ұлттық экономиканың табиғи ресурстарды олардың жаңартылуы мен орнықтылығы қағидаттарында пайдалануды талап ететін «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» деп аталатын қағидаттарға көшуі.

«Жасыл экономикаға» көшуді іске асыру мәселелері «жасыл экономикаға» көшу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттелетін болады.

Секторлар бойынша Тұжырымдаманың нақты міндеттерін іске асырудың құралдары, кейіннен түзетіліп, ауа сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару, құрғақшылыққа, жердің бүлінуіне қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын көтеру, балық шаруашылығын, аквадақылдарды дамыту мен балық ресурстарын молықтыру сияқты мәселелерге жаңадан назар аударылатын «Агробизнес – 2020» Қазақстан Республикасында агорөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған бағдарлама, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, аумақтарды дамыту бағдарламасы, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы мен басқа да салалық бағдарламалар сияқты, Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ескерілетін, қолданыстағы бағдарламалық құжаттар болып табылады.

Сонымен қатар Су ресурстарын басқару жөніндегі 2014-2040 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жоспарланып отыр.

Есептеу бойынша 2050 жылға қарай «жасыл экономика» шеңберіндегі жаңартулар ЖІӨ-ні 3 пайызға қосымша ұлғайтып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. «Жасыл экономиканың» негізгі мақсаттарына сипаттама беріңіздер.
2. «Жасыл экономиканы» дамытудың концепциясының негізі неде?
3. Қазақстандағы «Жасыл экономиканы» дамытудың негізгі жеті бағыты?
4. Жасыл экономика арқылы халықаралық тұрақты дамуға өту тенденциялары?

### **Сынақ сабақ**

*Міндетті бақылау жұмысына арналған үлгілік сұрақтар*

#### **1-нұсқа.**

1. Экономикалық теория пәнін түсіндіру амалдары.
2. Утопиялық және ғылыми социализм. Экономикалық теориядағы жаңа бағыттар.
3. «Еңбек» - экономикалық категория ретінде. Адамның еңбек әрекеттері жауап беруі тиіс жағдайлар. Мысалдар келтіру.
4. Еңбек қатынастарында және нарықтық экономикада еңбекті төлеу мәселелеріндегі мемлекеттің рөлі.
5. Экономикалық теорияда кірістердің ұғымы мен түрлері.
6. Макроэкономикадағы циклдік тербелістер.

#### **2- нұсқа.**

1. Экономикалық теорияда негізгі бағыттардың мәні (макро-, микро-, мегаэкономика, позитивтік, нормативтік және болжамдық экономика);
2. Экономикалық ғылымда физиократизм мектебі және маржиналдық теория.
3. Нарықтық экономикада мемлекеттік социализм дәуірінде еңбекке деген қатынас және негізгі еңбек қағидалары.
4. Экономикалық теорияда шығындар: ұғымы, түрлері. Мысалдар келтіру.
5. Экономикалық теорияда несие және несие қатынастары.
6. Жұмыссыздық, оның себептері мен негізгі формалары.

#### **3- нұсқа.**

1. Экономикалық теорияның функциялары мен әдістері. Түсініктемелер мен мысалдар келтіру.
2. Экономикалық теорияда меркантилистер мектебі және неоклассикалық мектеп.
3. Экономикалық теорияда еңбек нарығы және еңбек қатынастарының келісім-шарты.
4. Өнімнің өзіндік құны: экономикалық элементтер және калькуляциялық баптар бойынша шығындардың ұғымы мен жіктелуі;
5. Ұлттық есеп жүйелері (негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер).
6. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні.

#### **4- нұсқа.**

1. Экономикалық көрсеткіштер: ұғымы, қызметі, құрамы мен экономикалық көрсеткіштердің жүйесі. Мысалдар келтіру.
2. Экономикадағы классикалық мектеп және Кейнс теориясы.
3. Еңбекті төлеудің мәселелері: еңбекті төлеудің қағидалары, жалалық формалары, жалақының функциялары мен түрлері.
4. Экономикалық теориядағы кіріс: ұғымы, функциялары, түрлері.
5. Экономикалық өсудің ұғымдары мен түрлері.
6. Қазіргі халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формаларын сипаттаңыз.

## **Әдебиеттер тізімі және оқыту құралдары**

### **Негізгі:**

1. Мамедов О.Ю. Қазіргі экономика. Ростов-на-Дону, 2011ж.
2. Экономикалық теория курсы. Оқулық. Проф. М.Н.Чепуринаның, проф. Е.А.Киселеваның жалпы редакциясымен, Киров 1999ж.
3. Габитов Ж.Х. Микроэкономика, Астана, Фолиант, 2012 г,
4. Экономика курсы. Проф. Б.А. Райзбергтің жалпы редакциясындағы оқулық Москва, 1997ж.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»
- 6.Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы « Қазақстан -2050»

### **Қосымша:**

1. Борисов Е.Ф., Волков Ф.М. Экономикалық теория негіздері. Москва, 1996ж.
2. Котлер Ф. Маркетинг негіздері, М., Прогресс, 1990ж.
3. Назарбаев Н.А. «Қазақстан – 2030» Алматы. Білім, 1997ж.
4. Назарбаев Н.А. ХХІ ғасыр табалдырығында. Алматы. «Онер», 1996ж